

ЖАҚСЫЛЫҚ
Жақсылық Омаров



АМАНАТҚА
АДАЛДЫҚ



Жақсылық Омаров 1956 жылы Шымкент облысы, Түркістан ауданы, Жарас ауылында дүниеге келген. 1974 жылы Кентау қаласындағы №2 мектеп-интернатты бітірген. Еңбек жолын Бабайқорған ауылында құрылысшы болудан бастаған ол кейін әр түрлі салада еңбек етті.

1985-1999 жылдары «Қазақмыс» корпорациясының Оңтүстік Жезқазған кенішінде кенші болған Ж.Омаров қазір құрметті еңбек демалысында.

Ақынның бұған дейін «Жүрекжарды», «Талтүс» атты жыр кітаптары жарық көрген.

ЖАҚСЫЛЫҚ ОМАРОВ

АМАНАТҚА
АДАЛДЫҚ

Екінші басылым

УДК 821.512.122
ББК 84 (5 Каз)
О - 58

О-58 ОМАРОВ Ж.

АМАНАТҚА АДАЛДЫҚ (өлеңдер). Екінші
басылым. -Шымкент: «Нұрлы Бейне», 2017. -104 б.

ISBN 9965- 19-539-0

Өмірді өлеңге айналдыра білу – ақындық құдіреттің ерен ерекшелігі. Ж.Омаровтың жырларында бастан кешкендері мен көңілге түйгендері айшықты ойларға ұласып, ұтымды ұйқастармен әдемі әдіптелген. Оның өлең-жырларының адам жанына жақындығы да осындай өмірлік тақырыптарды қозғай білгендігінде. Ақын жүрегі әлемге сәби көзімен қарап, даналық ойларға жетелейді.

ISBN 9965- 19-539-0

© Омаров Ж., 2017

*Бұл кітабымды марқұм әкем
Адамбек Омарұлының
90 жылдығына орай, оның рухына тарту еттім*

Автор

Ақтадым ба әкенің аманатын?
Жауабын іздеп бірақ, таба алмадым.
Қолымнан бар келгені осы болды,
Риза болсын рухыңыз, қазанатым!

Ой-өрем кем түссе де көңілім – адал,
Ізінді жалғап жатыр жаман балаң.
Кітап жазып, құлпытас қойғаныммен,
Қарызым өтелмейді, әке, САҒАН!

Ақын Жақсылық Омаров жайлы бірер сөз

Жақсылық Омаров екеуміз сонау бала кезімізде қазіргі Түркістан шаһарына қарасты Үлгілідегі бір мектепте оқыдық. Ол кезде біз оны Жакан дейтінбіз. Біздің бала кезіміз бірге өтті. Шіркін-ай қызыққа тоймайтын, шаршап-шалдығуды білмейтін сол бір алаңсыз кездер естен қалай шыға қойсын.

Бала кезімізде біздің Бабайқорғанда өзін ақынға балап өлең жазушылар көп болатын. Бірақ, неге екенін қайдам, олардың арасынан ауылдан ұзап шыққандары тіпті аз болды. Бұл мен үшін шын мәніндегі өте бір өкінішті жағдай болатын. Себебі туған ауылдан жырақта кейіннен өлеңдегі жалғыздықтың қасіретін тартудай тартқан қасқаңның бірі нақ мына мен болатынмын. Жә, бұл кейінгі, бертіндегі әңгіме ғой.

Құрманбай Әбдіраманов деген сыныптасымның шешесі Қатша апамыздың туған сіңлісінің балалары болып келетін Жакан бала біздің ауылға кейіннен келді. Барынша қарапайым, ақкөңіл, адал бала болды. Жетімдіктің азабын қаршадайынан ағасы Дастан мен қарындасы Тұмаркүл үшеуі тартып-ақ өсті. Олар ата-анадан ерте айрылды. Бала кезіндегі ұяндығы, бәлкім, содан да болса керек. Сол Жакан, бүгінгі Жақсылық Омаров, жуырда тұңғыш жыр кітабын шығарып, айды аспанға бір-ақ шығарды. Басқалар секілді баспасөзден де көп көріне қоймастан, шулаған басқа сөздерден де аман-сау екінші жыр кітабын баспаға әзірлеп те үлгеріпті.

Мен Алматыдағы үйімде жалғыз отырып Жақсылықтың өлеңдерін асықпай оқыдым. Маған ұнағаны - өзінше жазуға бейімделе бастауы, шынайы сырды ақ қағазға түсіруге талпынысы болды. Өйткені оның өлеңдеріндегі көп оқиғалар, кейбір сырлар маған өте етене жақын. Әрине, мен бұл жерде бүгінгі қара өлеңдегі шеберлік жайлы сөз қозғап отырмағанымды ойлы оқырман өзі де аңғарар деп үміттенем. Шашасына шың жұқтырмас шеберлік жайлы сөз қозғау әлі ертерек екенін Жақанның өзі де жақсы біледі. Мен Жақанның жырларын ешкіммен салыстырмай, оны тек өз биігінен сөз қозғағым келеді. Иә, солай етсек қана сөзіміз әділетті болмақ. Түптеп келгенде, Жақанға да бізден керегі осы әділетті сөзіміз емес пе!

Иә, ол тоғыз жасында ата-анадан айрылып, жетімдіктің ащы дәмін ерте татты. Өз басым Жақанның осынау өлең жолдарындағы жан сырына шын жүрегіммен сенем. Осы бір жолдарды оқып отырып өзімнің де дәл осы сәтте толқып кеткенімді оқырманнан жасырғым келмейді. Өйткені сол сәтте менің көз алдыма өткен өмір, балалық шақтағы аңғал бала Жақан келе қалды. Ақ көйлегінің жағасын ашып тастап, Үлгілінің көшесінде кетіп бара жатқан арманшыл бала Жақан әлі көз алдымда тұр. Ол біздің Үлгілідегі бастауыш мектепте үлгілі, тәртіпті оқушылардың бірі болды. Сабақты менен бір сынып жоғары класта оқыды. Сол тұстағы оқу озаттарының қатарынан көрінді. Мектептегі қоғамдық өмірге белсене қатысты.

Сол бала Жақан сәл кейіндеу Кентау қаласындағы мектеп-интернатқа оқуға ауысып кетті. Ал оның интернатта өткен өмірін қазіргі кездегі Айжігіт Асанов, Нұртас Тәтішев, Сәрсен Байсеков, Әбдігани Өтегенов, Данияр Айтуов секілді ортақ достарымыздың айтуларынан ғана хабарым бар. Содан кейін мен көп жылдар Жақаннан көз жазып қалдым. Жақсылықтың Жезқазғаннан бір-ақ шыққандығын кейіннен естідім. Біздің Жақсылыққа сол Жезқазған жақ құтты мекен болды. Сол жезкигі желдей жүйткіген Жезқазғанда тұрақтап тұрып қалды.

Қазір ақыл тоқтатқан, самай шашына ақ түскен, аяғын сабырмен сылттып басатын Жақсылық ел ағасы атаныпты. Жастарға ақыл-кеңесін айтады. Оңашада өмір жайлы толғанып жыр жазады.

Ұлына арнаған толғауында:

*«Атаңнан қалған ақ көңіл мінез бойыңа,
Біткенін байқап қуаныш көрдім соны да.
Қайыспас қара нардай сол атаң,
Өмірде балам, қиындық көрсең, мойыма!*

*Сырымды саған жеткенше әлім ақтардым,
Мойнымнан бір жүк түсіргендей боп қалдым.
Сырымды шертім, шынымды айтып алдыңда,
Ағымнан солай ақтарылу болды тапқаным.*

*Ағарып шашым, кезімде ақыл тоқтаған,
Ақ жүрегімнің ақ тілектерін ақтарам:*

*Ақырын жүріп, абайлап басып қадамды,
Әкеңнің жолын қайталай көрме ешқашан»,* – деп
ақ қағазға ағынан ақтарылады.


Өзі жіберген кателігін ұрпағының қайталамауын қалайды. Міне, өмір деген осы ғой. Біздің Бабайқорғанның баяғыда дүниеден өтіп кеткен қарттарының тілімен айтқанда «бұл өміріңіз қас-қағым ғана сәт екен ғой». Кеше ғана Бабайқорғанның шаңын бұрқыратып жүрген бала Жақан бүгінде елдің қамын ойлайтын салиқалы азаматқа айналған. Аман болсақ алда әлі талай асулар бар. Жақсылық досымыздың өмір жолы таусылмасын деп тілейік. Бүгінгі ақылғой азамат ертеңгі батағой қартқа айналсын.

*«...Тайдырмасын тағдырым адал жолдан,
Тосады кездесулер әлі де алдан.*

*Балалалықтың тарқамас базары боп,
Қаласың жүрегімде, Бабайқорған!».*

Шын ақындықтың қара нар тарта алмас азабын ұлы ұстазымыз Төлеген Айбергенов баяғыда аспанға жазып кеткен. Ол азапқа тектілердің тектісі, кектілердің кектісі ғана төзе алады. Ол азапқа жүйріктердің жүйрігі ғана шыдайды. Поэзия әлемі – шексіз әлем. Көз жетпегенге көңіл жеткей деп тілейік. Қазақ жырының көші ғасырлар қойнауынан шығып, көкжиек асып кеткенін қашанда естен шығармауымыз керек. Сондықтан да азапты еңбек, үнемі үздіксіз ізденістер үстінде жүруге міндеттіміз. Шын ақындықтың біле білгенге бұл фәнидегі ең басты сыбағасы осы ғана ғой. Баяғы Ұлы даланың ұлы жырауларынан қалған мәңгіліктің жағалауын үздіксіз соққылап жатқан теңіздей тереңдік пен тарпаң асаулық керек бүгінгі қазақ жырына. Өзіндік мінез, кербез келісім, көңіл толқыттар жаңа иірімдер мен шыңыраудай тереңдік керек бүгінгі қазақ поэзиясына. Мен саған қашанда биіктерден көріне беруіңе шын көңілден тілектеспін, Жақсылық бауырым! Жазарың таусылмасын, баяғы бала кезгі Жақан дос, бүгінгі ақын Жақсылық Омаров.

Қасымхан БЕГМАНОВ - ақын, Қазақстан Жастар одағы және халықаралық «Алаш» әдеби сыйлықтарының лауреаты, «Құрмет» орденінің иегері,
Түркістан, Кентау қалаларының құрметті азаматы



Бірінші бөлім

Сағындырған сағым
жылдарым



АМАНАТҚА АДАЛДЫҚ

Ардақты әкем Адамбек Омарұлының аруағына

Етегінде тұратын Қаратаудын,
Бір рудан үш жүз түгін болатын.
Осылардың жартысына өкімет,
Жетісайдың қаздырмақшы каналын.

Бір ауылды осылайша бөлшектеп,
Құрығының ұзындығын көрсетпек.
Көңілдері тұрғанменен қаламай,
Қарсы тұрар үкіметке шама жоқ.

Шарасыздық байласа да тілдерін,
Әлгі бұйрық ұнамай тұр елге тым.
Сөзсіз олар сағынады күні ертең,
Балтакөлден шөп шабатын күндерін.

Қалай қиып кетеді олар ауылды,
Бірге өскен дос-жаранды, бауырды.
Ауылдарын артқа тастап кететін,
Жан біткеннің жүректері ауырды.

Тұрды сонда ағайынды қос жігіт,
Ертеңіне жүретұғын көз тігіп.
Колхоз малын бағатұғын ағасы,
Інішегін көмекші етіп алды ертіп.

Ақкөңілдеу жан болатын інісі,
Бар байлығы - бес-алты қой ешкісі.
Той-думанда өнерімен танылған,
Оны ақын деп білуші еді ел іші.

Отбасында тұрақтамай сәбилер,
Пәстеу тартып жүруші еді көңілдер.
Кемпірлердің босқа кетпей ырымы,
Құдай берді, қабыл болды да тілектер.

Міне, ғажап қалды бала тұрақтап,
Ата-анасы мейіріммен құшақтап.
Қызығына тоймайды сол баланың,
Күндіз-түні жүргендері аялап.

Інісінің тасып - шалқып көңілі,
Онға қарай өрім тапты өмірі.
Әйеліне ақырындап сездірді ол,
Балтакөлге баратынын бір күні.

Қыстың қамы, малдың шөбі шабылмақ,
Әйел бұған қарсы болып не қылмақ?
Бірақ, бірақ, күйеуіне сездірді ол,
Аяғының қалғандығын ауырлап.

Мұны естіп күйеуі де қуанды,
Қуаныштан ағыл-тегіл жылады.
"Үлкеніме серік болар тағы да ұл,
Бере гөр" деп Тәңірінен сұрады.

Бітік шығып бидайы Балтакөлдің,
Бірысы тасып жатты қалың елдің.
"Биылғы жыл Құдай бізге беріп тұр" деп,
Бәрі де риза шөп шауып жүргендердің.

Ойлағаны әйелі, баласы боп,
Алыстан-ақ жүрді ол жанашыр боп.
Аяғы ауыр әйелін екіншіге,
"Ей, Алла бір өзіңе тапсырдым" деп.

Шөп шауып, таудай-таудай маясын сап,
Күндері өтіп жатқан жаймашуақ.
Бір күні аяқ асты айқай шықты,
“Өрт” дейтін естігеннің зәресін ап.

Жалын шарпып барады кен даланы,
Мұндайдың табылатын бар ма амалы?
Ауылдан жәрдем, көмек кеп жеткенше,
Қолдан келген шарасын қолданады.

Жалғыз өзі отпенен арпалысып,
Жүгіріп жүр әрі-бері жанталасып,
Бір сүрініп, бір құлап жүрген кезде,
Денесін от шарпыды, күйік шалып.

Сәлден соң арттан көмек келіп жетті,
Келгендер мұны көріп қорқып кетті.
"Тезірек дәрігерге апарайық",
Десті де ат дайындап, арба жекті.

Көз алдына елестеп бар өмірі,
Кинодай тізбектеліп сала берді.
Жайып-ақ салар еді іштегі ойын,
Амал нешік, келмейді әл-дәрмені.

Шөл де қинап барады аузы кеуіп,
Ақыл - есі бір кіріп, бір де шығып.
Қасындағы бауыры Төлемістің,
Жан жүрегі ауырды мұны көріп.

Дегенмен, амал қайсы қолдан келер,
Жиылған жұрттың бәрі болды әбігер.
Аудандық аурухана ауласында,
Күтіп алды білікті дәрігерлер.

Жағдайдың ауырлығын біледі олар,
Қолдан келген көмегін қылады олар.
“ Дегенмен, дайындала беріндер” деп,
Ақырындап сездірді жаман хабар.

Бұл хабар елге жеткен тез арада,
Өте ауыр болып тиді ағасына.
Мұңайып жан-тәнімен қиналады ол,
Айта алмай келіні мен баласына.

Бәрін де сезеді екен жүрек деген,
Сол күні ұлы да көп безектеген.
Қайынағаның сөздерін естігенде,
Ес-түссіз қалып әйел талып түскен.

Ес-түссіз жатқанымен міне, ғажап,
Әйелдің тұлабойын қысты толғақ.
Інгалап сәби келді мына өмірге,
Абысындар тұмаққа алды орап.

Жатыр әйел төсегінде бүрісіп,
Жанын қинап жылауменен көзі ісіп.
Қасындағы ел біткеннің бәрі де,
Әйел жанын тұрды іштей ұғысып.

Жатыр жары арпалысып ажалмен,
Өмір деген мұнша қатал болар ма ең.
Ертеңгі күн ізін жалғар ұрпағын,
Тым болмаса бір иіскетіп алар ма?

Қайнағаға айтып еді сол ойын,
Келінінің құптады ол да дегенін.
Сылтауратпай жердің шалғай екенін,
Алып барды жас сәби мен әйелін.

Көрген кезде танымады күйеуін,
Естігенмен тым қаттырақ күйгенін,
Нақ осындай халде емес деп ойлағам,
Білмей қалды әуелгіде не дерін?!

Күйеуінің қайрат бітіп бойына,
Ақырғы рет сөзін айтты жарына.
«Мына екеуін жеткізерсің өзің» деп,
"Кетіп қалсам төрт ботамның соңына".

Сосын, сосын сәбиді ұстап қолына,
Құлағына күбірледі тағы да.
"Азамат қып өсіреді сені анаң,
Келешегің енді соның қолында.

Тыңда, менің айтатыным тағы бар,
Ел, халыққа ақын болып танылған,
Бұл әкеңнің өнердегі жолдарын,
Өскенде өзің жалғай білші сен, балам!"

Бұл жалғанның қызығына тойған кім?
Шаранаға аманаттап арманын.
Көзін жұмып, мәңгілікке аттанды,
Дүниенің сездірді де жалғанын.

Қос ұлы мен қалды жары артында,
Қадірі артық болған жан ғой халқына.
"Әкесінен аумайды екен өздері",
Деп көргендер сүйсінетін балдарға.

Жетімдер де жетілетін шақ туды,
Шаңырақта шаттық орнап, бақ күлді.
Шала туған әлгі сәби үнемі,
Ойлап жүрді әке үмітін ақтауды.

Бірақ, бірақ көңілінде бар нала,
Әр қиырға жетелейді ойлар да.
“Жан әкемнің қайда қалған қабірі?”
Соны тауып дұға оқысам болмай ма?

Білген оны әкесінің ағасы,
Қаратаудың етегінде-ау шамасы.
Бұлар онда жас болды ғой, сондықтан
Қиын соқты әке орнын табары.

Жалықпады бірақ, соны іздеуден,
Табылады деген үміт үзбеумен.
Әкесінің ағасынан сөз қалған,
"Басында бір жақсы белгі бар" деген.

Арада өтіп кеткенімен неше жыл,
Жүрді ұрпағы ізін іздеп әкенің.
Қазағымның сөзі бар ғой ежелден,
"Іздеген жан мұратына жететін".

Еңбектері ақталды да ақыры,
Әкесінің жатқан жері табылды.
Дүйім елді жинап, сосын ас беріп,
Ұрпағының белгітасы қойылды.

Әкесінің адал болып рухына,
Елге сыйлы болып өсті қос ұл да.
"Өнерімді жалға" деген аманат,
Бір ұлының шықпай жүрді ойында.

Құдай берген жетілдіріп талантын,
Танылды елге кәдімгідей боп ақын.
Аманаттың ақталғанын айғақтап,
Осы жырды жазған да сол болатын.

АСЫЛ АНА

Асыл анам Хатша Жақыпқызының рухына

Күйеуінің жылы болып, ас беріп,
Жатқан кезде ағыл-тегіл ел келіп,
Құшағына қысып алып қос ұлын,
Отырды әйел жоқтауменен жас төгіп.

Бар ауырлық түскен еді басына,
Бірге туған жанашыр жоқ қасында.
Бар сенері - бірге туған әпкесі,
Тұратұғын қонсы қонған ауылда.

Астан кейін бар тағдыры шешілмек,
Әменгерлік жолмен байға берілмек.
Бұған әсте көнгісі жоқ, көнбесе...
Қос қозысын қалай, қайтіп өсірмек?

Осыны ойлап жанын жейді уайым,
Таба алмай тұр тағдырының ыңғайын.
-Тоқалдыққа қиясың ба -деп- мені,
Әпкесіне аударады жанарын.

Ас та бітті, бар ағайын жиылды,
Бір сұрақ тұр көкейлерде ілулі.
Әйелдің де ойын білген дұрыс-ау,
Жылатпаған жөн болғанмен жесірді?

Жесір жайын шешу қиын іс болды,
Мәмілеге келу оңай түспеді.
"Алдырмаймыз екінші әйел" дегендер,
Байларына тастүйін боп тістенді.

Куә болдық осындай бір тойға біз,
Содан бері мынадай бір ойдамыз:
Тамағынан емес тойдың әрдайым,
Тәлімінен тойып қайтсақ болғаны.

Дау қызынып бара жатқан шақта осы,
Сөз сұрады әлгі әйелдің әпкесі.
Жесір дауын шеше алмаған халыққа,
Жанарынан байқалып тұр өкпесі.

-Жерде жатқан - деді менің сіңлім жоқ,
Жылататын және оны ойым жоқ.
Өзімменен бірге алып кетемін,
Алмасаңыз өздеріңіз қамқор боп.

Дедідағы сөзін айтты түйінді,
Көпшіліктің көбі осыған ұйыды.
Ізіне еріп кете барды содан соң,
Қос жетім мен және жесір сіңілі.

Мұндағылар құптамады бұл істі,
Қабак түсіп, терілері тырысты.
Бағып-қағу оңай емес, әрине,
Бар еді оның өзінің де бес ұлы.

Қарсы болды әсіресе қайнысы,
Күйеудің де дайын тұрды қамшысы.
"Өздерінің қарамаған бауыры,
Жетімдерді әкелгені қай ісі?"

Күйеуінің бар болатын сегіз туысы,
Бәрінің де жаман емес тұрмысы.
"Мыналарды қайта апарып таста" деп,
Әлгі әйелге жан-жағынан шүйілді.

Жылатады кейбіреуді жоқшылық,
Кейде адамды есіртеді тоқшылық.
Шаруаның байқаған соң қисынын,
Бір ақсақал сөз сөйледі топ жарып.

-Райыңнан қайтқын- деді ол -ағайын,
Жазығы не жесір, жетім баланың?
Өсиетін неге еске алмайсың,
"Жетім көрсең жебе" деген бабаның.

Пана тұтып келген болса апайын,
Қамқорлықтың көрсетіндер орайын.
Жақсылыққа кенелесің сендер де,
Мыналардың сипасандар маңдайын".

Сап тиылып айқай-шуы, боқтауы,
Ақсақалдың сөзіне жұрт тоқтады.
Жесір әйел, екі жетім бала үшін,
Үлкен бақыт болды пана тапқаны.

Жыл соңынан жылжып тағы жыл өтті,
Жылы құшақ жұбатса да жүректі.
Бір күндері сінілісі сездірді,
Өз алдына шаңырақ құрмақ ниетті.

"Бәлкім мұның дұрыс шығар" деді оған,
"Мен танысам ана кісі ірі адам,
Жылатпайды балдарды да, сені де,
Үй боп кетсең шынымен-ақ қуанам".

Осылай деп берді аптақ батасын,
Жаңа орында тапты сінлі жарасым.
Отағасы кеңқолтық бір жан болды,
Жылатпады өзін, екі баласын.

Көп кешікпей бір қыз келді араға,
Бұдан артық шын қуаныш бола ма?
Ұлан-асыр тойға жинап халықты,
Аламан мен көкпар қызды далада.

Қуанышы көпке бірақ, бармады,
Жақсы адамды ажал келіп жалмады.
Қайта келіп паналады әпкесін,
Бармаудан да басқа амалы қалмады.

Болмаса да онша жақсы тұрмысы,
Қайтсін енді бірге туған сіңлісі.
Алып келді отбасына қайтадан,
Жылағанын келмеген соң көргісі.

Бағып-қағып жетім менен жесірді,
Ешкімнен де кем етпеді, өсірді.
Енді-енді жетілді ме дегенде,
Ойда жоқта өтті өмірден сіңлісі.

Қандай-қандай ауыр еді тағдыры,
Артта қалды екі ұлы мен бір қызы.
"Сіңілімнің көздері ғой" деді де,
Үщеуін де қанатына алды өзі.

Бірі қолдап, бірі даттап ананы,
Бұл оқиға елге толық тарады.
Жетімдерін қолдарына алмақ боп,
Ақсақалдар алдына оның барады.

-Қазанызға қайғырамыз, ортақпыз.
Жетімдерді жиып қолға алмақпыз.
Ініміздің тұяқтарын өзіміз,
Тәрбиелеп, енді өзіміз бақпақпыз".

Мұндай сөзді ұнатпады ол бірақ,
Келгендер де тұрып қалды абдырап.
"Аманаттап кеткен еді сіңілім,
Аманатқа жасамаймын қиянат".

Деген сөзге ешкім қарсы келмеді,
Үш жетімді алып қалды, бермеді.
Балалар да "туысқандар келді" деп,
Келгендердің сондарынан ермеді.

"Өскеннен соң тауып жатар туысын,
Шешімімнің хош көріндер дұрысын".
Деді де ана үш жетімді құшақтап,
Тамшылатып тұрып көздің күмісін.

Уақыт шіркін өтеді екен зымырап,
Көңіліне маза бермей бір сұрақ,
Жүрген ана шыдамады, бір күні
Үш жетімді алып шықты жолға ұзақ.

Келді солай құдалардың аулына,
Бауырларды табыстырмақ бауырға.
"Қосылғалы жатыр екен ел мен ел"
Деген хабар тез тарады ауылға.

"Көрім жақын байқап тұрсам төрімнен,
Сол себепті алдарыңа келіп ем.
Жетімдерің келді бүгін жетіліп,
Табыстырғым келеді енді бәріңмен".

Ырза болды бұл сөзге елдің бәрі де,
Қолдап жатты жас та және кәрі де.
"Бауырларды бауырларға қостың" деп,
Ақ батасын беріп жатты ел әрине.

Кішкентайы интернатқа ауысты,
Ел аралап ағайынмен танысты.
Иығынан ауыр жүк түскендей боп сезініп,
Қалды апайы марқайып бітірді де зор істі.

Сол кішкентай өсті де жігіт болды еңселі,
Жатқан кезде әскердің қатарына жүргелі.
Келді әлгі апайы арнайы "ақ жол" тілеп жолына,
Осы болды соңғы рет бірін-бірі көргені.

"Енді қайта көремін бе, жоқ па әлде,
Екі жылың өтеді ғой әскерде.
Сені күтіп алар ма екем, білмеймін,
Міндетінді өтеп елге келгенде.

Көре алмасам хош болып тұр, қарағым,
Қателігі болса, кешкін анаңның.
Үйіріңе қосылдың ғой, сен өнді,
Сөзін тыңда туған-туыс, ағаның".

Соны айтты да қала берді апайы,
Жүрек құрғыр іштей бәлкім жылайды.
Қимастықпен бірін-бірі тұрды олар,
Сырткөздерге көрінгенмен сыпайы.


Суық хабар келіп жетті бір күні,
Төсек құшып жылап жатты сонда ұлы.
Жер қойнына табыстапты денесін,
Бұл жеткенше қаратсын ба мәйітті?

"Бір уыс топырақ та сала алмадым,
Соңғы сәтте жанында бола алмадым".
Еңкілдеген жігітті көріп тұрып,
Жанарларын жас жуды адамдардың.

Осылайша айрылды ол анасынан,
Анасынан - қамқоршы панасынан.
Рухы желеп-жебеп жүрген шығар,
Сәт сайын дұға тілеп баласынан.

Өтті ғой талай жылдар содан бері,
Баяғы жігіт бүгін ата болды.
Көңілінің төрінде мәңгі қалған,
Анасын дұғасынан тастамайды.

Біледі, түсінеді анық бәрін,
Ана орны бәрібір толықпайды.
... Перзенті дұғасынан тастамаған,
Ана жаны жұмақта қалықтайды.



ҚАНДАЙ АУЫР ҚАСІРЕТ ЕДІ БҰЛ НЕТКЕН

Дидар ұлымның рухына

Қандай ауыр қасірет еді бұл неткен?
Жан жүрегімді жылатып кетіп, мұңлы еткен.
Жас шыбық еді тереңге тамыр жаймаған,
Өрімдей жаста мәңгілік бесік тербеткен.

Сыртым бүтін ал, ішім түтін қарағым,
Өмірге деген биік еді ғой талабың.
Недіктен қысқа болды екен сенің ғұмырың,
Таба алар емеспін осы сұрақтың жауабын.

Ұқсайтын еді аңқылдаған маған мінезің,
Ақша қар сынды аппақ еді ғой жүрегің.
Жанымның дертін ұғынар кім бар, білмеймін,
Жазатын кім бар, табатын кім бар бір емін?

Жоғалтып алды ағаң да серік - сыңарын,
Сағынып жүр ғой ақ қарындасың - тұмарын.
Әкеңнің жайы айтпай - ақ қалқам белгілі,
Өксігін әлі баса алар емес анашын.

Төрінен орын тиген де болар жұмақтың,
Алладан соны жүремін дәйім сұрап мың.
Орының бөлек құлыным едің, Дидаржан,
Мәңгілік арман, сағыныш болды - ау дидарың.



АҒА САҒЫНЫШЫ

Қарындасым Тұмаркүлге

Өмір - өзен ағылып тоқтамаған,
"Хабар күтіп жүр ме?" деп қос ағадан.
Бетке алып Батыс жақты жолға шықтым,
Сағынышымды аркалап Сарыарқадан.

Ерке қызы, кешегі қос ағаның,
Аттап едің басқа ел босағасын.
Көңіл мырза болғанмен, қолым қысқа,
Кезінде іздеп сені бара алмадым.

Орның бөлек қарағым, жүрегімде,
Біздер едік сүйеніш, тірегінде.
Сан тілдесіп жүрсек те телефонмен,
Арманым еді өзінді бір көру де.

Ұйқы қашып түрлі ой мазалаған,
Көңіл босап көзден жас тамшылаған.
Ақкөңіл аңқылдаған жүрегімнің,
Сағынышын қалайша жасыра алам?

Еркелеп алдан шықса жиендерім,
Жүрегім жарылып - ақ кетер менің.
Аналарын аркалап өсіріп ем,
Еркелігін қалайша көтермейін?

Тең түсетін қуанышы, өкініші,
Жылатып, жұбататын өмір осы.
Өзінді көргенше еш басылмайды,
Ағаңның саған деген сағынышы.

СЕН БИІКТЕ ТҰРАСЫҢ...

Жан жарым Жамигаға

Мен рас жанарыңнан жасқанамын,
Жасқанбастан қалмады басқа амалым.
Сен - биікте тұрасың, мен-төменде,
Сен мені еркімнен тыс басқарасың.

Дей алмаймын өзімді періштемін,
Пенделіктің жүрдім ғой кешіп көлін.
Сұрағы көп өмірде жауабы жоқ,
Қателік пен күнәні көп істедім.

Қайда апарды өмірімнің соқпақтары,
Армандарым жүректегі тоқтап қалды.
Қиялдаған қиялым қанатынан қиылып,
Жүрегіме ауыр-ауыр салмақ салды.

Кім түсінер сырымды ішімдегі,
Жүзім жарқын басқаға білінеді.
Сенгендерден сенімдер жоғалғанда,
Талай түндер кірпігім ілінбеді.

Шаша алмаймын бәріне топырақты,
Кінәлап күнәсізге күйе жақты.
Жүрегім қан жылайды амалсыздан,
Ойлағанда еске алып өткен шақты.

«Дей» алмаймын алақанда аяладым,
Жүрегіңе кешірілмес жара салдым.
Өткеннің бәрі жаным артта қалсын,
Бакытыма жаным сені бағалайын.

ӘКЕМДІ ОЙЛАП ОТЫРЫП...

Сұқ саусағын көрсетіп, сұсы жаман,
Айкайлады түсімде біреу маған.
- Әкең ақын болса егер айтшы - деді ол,
Мұрасы қайда оның саған қалған?

Ашулы екен, қатулы қабағы да,
Отты екен, өткір екен жанары да.
Кенеттен жалт бұрылып ғайып болды,
Шошынып төсегімнен тұрғанымда.

Қолды жайып дұғамды оқып шықтым,
Басылмады көңілде қорқынышым.
"Кім болды бұл, неге олай айтып кетті?"
Түсіне алмай дал болдым түстің сырын.

Мұра түгіл қалған жоқ суреті де,
Елу бес жыл жербесік тербетуде.
Қаратауда қоршаулы ескерткіш тұр,
Жұбаныш боп жаныма, жүрегіме.

Әкемнен бірақ бойда қалған қан бар,
Азғана ақындығым содан шығар?
Әкемді ойлап отырып ұрпағыма,
"Өлеңдерім қалсын" деп қалам алам.



АЙНАЛАЙЫН, ЕРКЕ ҚЫЗЫМ, ШОЛПАНЫМ

Айналайын ерке қызым, Шолпаным,
"Шолпан" деген есімді өзім қойғанмын.
Туған күнім жатқан шақта тойланып,
Ең керемет сыйлық болып туғансың.

Мен сені білдім ерен бақытым деп,
Сен деп соқты кеудеде жалғыз жүрек.
Қылықты қызықтарың баурап бізді,
Бақыттан бас айналып жүретін ек.

Қызым-ау, күннен күнге өсіп жаттың,
Қаз-қаз тұрып бір күні томпақ қақтың.
Жүректі жарылуға шақ қалдырып,
«Папа» деп алғашқы рет тілді қаттың.

Қуанғаннан бауырыма қыса бердім,
Көк жүзіне кеп кетті ұша бергім.
Ұлдарымнан көремін өзінді артық,
Шаңырақта жанған жалғыз Шолпан едің.

Көз алдымда мектепке барғаның да,
Қолыңа аттестатты алғаның да.
Арман қуып аттандың мектептен соң,
Ай қала, әсем ару Алматыға.

Кеп тұрсың енді дипломмен,
Осы ғой ата-анаға бақыт деген.
Мақтанып өзіңменен мерейі өсіп,
Бақыттан шалқып, тасып отыр әкен.

Сен менің бақшамдағы ерке гүлсің,
Қалар - ау бірте - бірте еркелігің.
Өмірден орныңды тап, бақытты бол,
Сол ғана менің саған тілейтінім.

ШАҢЫРАҚТЫҢ ШЫРАЙЫ БІРЛІК ЕДІ

Бір қария мұнын шақты сыр ақтарып,
Арасында жанарын шылап та алып.
Түсінгенім бір үйде тұрғанменен,
Баласы кетіпті одан жырақтанып.

"Қарамайды жалғыз ұл көңіл бөліп,
Ұсынды екен мұндай сый өмір неғып?
Қашан көрсең қабағы ашылмайды,
Қорқамын кете ме деп келінге еріп.

Жатпаған соң әкемен сыр бөлісіп,
Жылы шырай танытып жүз көрісіп.
Теріс қарап жүретін ұлмен бірге,
Неге керек бір үйде өмір сүріп?

Сезінгендей өзін бір елден ерек,
Тамағын да ішеді бізден бөлек.
Өз ұлым, өз перзентім сырт айналса,
Боламын айтшы сонда кімге керек?

Осылай дейтін еді Батыс жақта,
Біз де Батыс болдық па, осы шақта?
Батыс үлгі ешқашан бола алмайды,
Дәстүрін дәріптейтін қазақтарға.

Шаңырақтың шырайы бірлік еді,
Үлгі тұтып алғанбыз енді нені?
Батысқа бетті бұру байқап тұрсам,
Дәстүрімді, салтымды бүлдіреді".

Осылай мұнын шақты ақсақалым,
Жұбатар менде шама жоқ болатын.
"Қайырын күтіңіз" деп күбірледім,
Қолымнан келмеген соң басқа амалым.

БОЗБҰТАҒЫМ

"Жаз" дейсің - ау туысқан Бозбұтақты,
Есіңе ал дейсің бе, сәби шақты.
Сол жерден кеткеніммен бес жасымда,
Бозбұтақтың қалам болып бір бұтағы.

Кетсем де дала кезіп, қала кезіп,
Жүремін туған жердің рухын сезіп.
Сәби күнді сағынбас кім бар екен?
Жатқанда алға қарай жылдар көшіп.

Балалық шақ, мен сондай періште едім,
Таза ауа, бай табиғат пейіште едім.
Кеткелі елу жылдан асты сенен,
Мен талай пендешілік күйді кештім.

Қанағат боп бір уыс талқаның да,
Мәз едік қарынның бір тойғанына.
Ағаш атқа міне сап аралаушы ең,
Бір үйден бір үй қоймай сол ауылда.

Болсадағы ақкөңілдік бар қанымда,
Соншама жыл қатыгез болғаным ба?
Кешір мені, Бозбұтақ, кешір мені,
Соншама жыл ат ізін салмадым ба?

Қаратауда жатыр-ғой кіндік қаным.
Туған жерді армансыз аралайын.
Ақ сүмбе Жарастардан басталатын,
Сағынып келем саған, Бозбұтағым!



СОҒЫС АРДАГЕРЛЕРІНЕ

Қару алып қан кешкен аталарым,
Күн санап азаюда қатарларың.
"Тыныштық, бейбітшілік, тыныш заман",
Әрқашан тілейтұғын баталарың.

Соғыстың біткеніне қаншама жыл,
Жарасы бірақ, әлі жазылмай жүр.
"Хабарсыз кеткен" қанша боздақтардың,
Сәл де болса дерегі табылмай жүр.

Сыйлаймыз, төрімізден орын дайын,
Қуаныш қып жүреміз сіздер барын.
Батырлар бар құрметке лайықты,
Жеңе білген қаптаған қалың жауын.

Немере - шөберелер қастарыңда,
Бейбіт құсы ән шырқап аспаныңда.
Қатарлары азаймай жүре берсін,
Ардагер ақсақалдар арамызда.



ӨЛЕҢДЕРІМ

Өлеңім көп әлі де жазылмаған,
Өлеңсіз өмір сүру қиын маған.
Қолға қалам алмасыма қоймайды,
Өмірден түйіп жүрген ойлар маған.

Мейлі, мейлі біреуге ұнамасын,
Өлеңім берген болса сыбағасын.
Жалтандап қарамаймын ондайларға,
Сыбасын мейлі мені, сыбамасын.

Өлеңім - Алла берген күдіретім,
Керек етпес жаманның құрметін.
Адамнан бөз қалмайды, сөз қалады,
Осы болды ағайын түсінгенім.

Өлеңдерім - сыр бөлісер сырласым,
Өлеңдерім - жанымды ұғар мұңдасым.
Өзімді ешкім білмесе де бәрібір,
Өлеңімменен танылады елге атым.



АРА-ТҰРА БОЙЫМДЫ ҚЫСАДЫ ӨЛЕҢ

Өмірді жүргенменен жырлап жүрек,
Айтпас ем "мен бір мықты ақынмын" деп.
Артымда із қалдырсам деп ойлаймын,
Жалған даңқ, жалған атақ неге керек?

Әкемнің аманатын маған берген,
Ақтауға ақындардың соңына ергем.
Ара-тұра бойымды қысады өлең,
Қасиет болғаннан соң қанмен келген.

Жата алмаймын сондықтан жазбай өлең,
Күйшінің күйі сын-ды күмбірлеген.
Сеземін кекететін кекесіндер,
Аз емес сыртымыздан күндеп жүрген.

"Болмасаң да ұқсап бак" деген Абай,
Осы сөзден ұлағат тарағандай.
Құрмандаршы жолыма керіп тұзақ,
Жүрмендерші жанымды жараламай.

Өлеңменен шығарып шер-мұңымды,
Сезгенімді жазамын, көргенімді.
Кеудемсоқтар көзіне ілмесе де,
Бағаласа болғаны ел жырымды.



АТСА ДЕЙМІН АРАЙЛАНҒАН ТАҢДАРЫМ

Көріп өстім тағдырымның салғанын,
Көтерумен ауыр-ауыр салмағын.
Қиялдарым қанатынан қиылып,
Тістеуліде кетті талай бармағым.

"Көтерем" деп аманатын әкемнің,
Алғыстарын ел-жұртымның ап жүрдім.
Еңбек еттім ерінбедім, тер төктім,
Ел ішінде болды біраз беделім.

Батырмадым ешбір жанға тіземді,
Көрген жокпын жоғары ұстап өзімді.
Ақымақтың айтқанына аптықпай,
Сөйлер жерде тілім талай кесілді.

Аз болған жоқ сәттерім де сүрінген,
Түңілген де кездерім бар өмірден.
"Неге жолым болмайды-деп-өмірде?",
Оңашада өксігенмін, күрсінгем.

Атақанмен дарыған бір қасиет,
Аманатпен бірге келген өсиет.
Ақ жүректі кірлетпеуге тырысам,
Шексемдағы қайғы менен қасірет.

Қызғанбаймын басқа жанның бақтарын,
Бар адамның тілеп бақыт шақтарын.
Досым түгіл дұшпаныма жүремін,
Жүрегімнің ашпақ сырын ақтарып.

Мейлі мені қараласын, даттасын,
Сыртымыздан сылпың сөздер қаптасын.
Мән бермеймін ешбіріне олардың,
Жамандармен жағаласып жатпаймын.

Жасадым ба талай-талай пенделік?,
Пенделікті келе-келе жөндедік.
Пенде болып жаралған соң жалғанда,
Әркімнен де кетіп жатар қателік.

Көп қой әлі жүрегімде арманым,
Жақсы күнді армандаудан талмаймын.
Енді алдымнан күлімдеген күн шығып,
Арайланып ата берсін тандарым.



БАБАЙҚОРҒАН

Балалықтың базары, Бабайқорған,
Сағым болып балалық сенде қалған.
Сол бір күндер сағымға айналыпты,
Осы екен-ау, Елеке, өмір жалған.

Бірге жүрдік балалық базарында,
Сенбеуші едік уақыт озарына.
Арқадан сәлем жолдап отырмын мен,
Осылай болатынын ойладым ба?

Үлгілі, Божбан ауыл, Гуілдекте,
Асық ойнап, жүруші ек доп теуіп те.
Ауылда бала күнгі ізім жатыр,
Алаңсыз жүрген шақтар көңілімде.

Әлі есімде жайқалған қыр гүлі де,
Сыр айтқандай сырласып, бір-біріне.
Сол гүлдерден бір гүл де ұсынбадым,
Ғашық болған қара қызға Үлгіліде.

Барғанда Бабайымды танымадым,
Шатастырып үйлерді жаңылғаным.
Шаңы шығып жататын кешегі күн,
Асфальтпен қаптапты кең жолдарын.

Тайдырмасын тағдырым адал жолдан,
Тосады кездесулер әлі де алдан.
Балалықтың тарқамас базары боп,
Қаласың жүрегімде, Бабайқорған.

ЕРЕКШЕ ГҮЛ

Шолтан қызыма

Туған күнім еді менің тағы да,
Жора-жолдас, достарым да жанымда.
Сол достардың бірі сөзбен сездірді,
Ерекше гүл өсетінін бағымда,

Ерекше гүл... сен екенсің бағымда,
Ризамын сыйға тартқан жарыма.
Мен қорқамын үзіп алып бір "ұры",
Жара салып кете ме деп жаныма.

Махаббат та - өмір заңы болса да,
Гүлім менің шын бойжетіп қалған ба?
Осы сөзді естігелі маза жоқ.
Ертеңінді жүрмін гүлім, ойлана.

Тұрса деймін жайқалумен бақта гүл,
Тілеп тұрам жұпар иіс шашқанын.
"Ұрының" да жолықса екен жақсысы,
Тілейтінім осы болды шақта бұл.

Қуанамын туған күнім болғанда,
Кездескенге не жетеді тойларда.
Туған күні гүлімнің де, менің де,
Бір күн екен таңдан мейлі таңданба.

Гүлім менің, гүлім менің Шолпаным,
Бақытыңды көру менің арманым.
Ерекше гүл деп атадым өзінді,
Шынында да тым ерекше болғасын.

ҚАРА КӨЗ

Оралайын Елеке, өткеніме,
Балалық шақ - кешегі көктеміме.
Баға жетпес қанша айтсаң бал дәуренім,
Өткен еді Үлгілі мектебінде.

Бойымды билесе де бала сезім,
Түсінбеген қайтейін соны да өзім.
Сезімімді сездірмей қалғаныммен,
Қалайша ұмытамын қара көзін?

Білсем де махаббат күші барын,
Қолына жүрегімді ұсынбадым.
Балалықтың шалалығы шығар бәлкім,
Қыз алдында қымсынып, қысылғаным.

Көрінетін Төлеген Жібегіндей,
Жайқалған даладағы қыр гүліндей.
Белді буып алдына барғаныммен,
Кетер деуші ем сұлуым көзіне ілмей.

Не деген қоян жүрек қорқақ едім?
Батылдау болуды сан ойлап едім.
Батылдау болғым келіп, бола алмай қап,
Тіл ката алмай сұлуға қалған едім.

Қасымнан қасын қағып өтті талай,
Жүрекке шоғын тастап кетті талай.
Сыртынан өзімсініп жүргенімде,
Айрышып қалдым бірде абайламай.

Адалдық белгісі ғой бала сезім,
Дейтін болсам, мұныма таласар кім?
Тілсіз ғана өзіне табындырған,
Есімде қалып қойды қара көзін.

ӘЙЕЛДЕРГЕ

Әйел сенің - асыл анаң, жарың да,
Шүкір еткін бұл өмірде барына.
Әйел сенің - қарындасың, апаң да,
Көркінді ашып тұратұғын бағында.

Әйел сенің беделінді өсірер,
Қатеңді де алдымен сол кешірер.
Қамқоршы боп, қорғаның боп жүреді ол,
Жаныңды да жаныменен түсінер.

Қылдай нәзік оның аппақ жүрегі.
Нәзіктігін бүкіл адам біледі.
"Ұл-қыздарым болса екен бақытты",
Нағыз ана тек соны ойлап жүреді.

Ардақ тұтып әйелдерді аяла,
Баға жетпес байлығым деп бағала.
Бесікті де, әлемді де тербеткен,
Жер бетінде ешкім жетпес Анаға.

Ұрпағына арнап жүрген әр күнін.
Әйел заты тартпасыншы қайғы-мұң.
...Еркек болсаң сыйлай білгін соларға,
Қолдан келген жақсылықтың барлығын.



НЕМЕРЕСІН ІЗДЕЙДІ АНА

Қарттардың үйіне мен барғанымда,
Жетпеген жандар көрдім арманына.
Қолын алып қарт анадан хал сұрадым,
Өкінесін төгіп салды ол жалғыз ұлға.

Есік жаққа қараумен елендейді,
Күтуден құлазыған пәк көңілі.
"Немеремді иіскесем" дейді ана,
Үкілеген үмітін бір үзбейді.

Ойланайық, барамыз қайда кетіп?
Баланы ана өсірер еркелетіп.
Қартайғанда безінер ата - анадан,
Құдай - ау, құдай атқан елден бе едік?

Қалай емдеп жазамыз жараны біз,
Қисықты қалай жөнге саламыз біз?
...Өз баласы безініп кетседағы,
Немересін іздейді ана байғұс.



АҚ ШАҒАЛА СЕНБІСІҢ, АСПАНҒА ҰШҚАН

Каспийдің толқыны боп түске енесің,
Сен де мені еске алып жүр ме екенсің.
Тасқынды толқындарың басылғанда,
Мөлдір таза бұлақтай күйге енесің.

Шақырады қарт Каспий жағалауы,
Тамашала дегендей шағаланы.
Тәуекел деп қаншама талпынғанмен,
Арамызда жақындық бола алмады.

Арамызды айдындар бөліп кетті,
Кедергілер қаншама толып кетті.
Құлашымды кеңірек сермегенмен,
Тулаған толқындарың кері тепті.

Қолыма қондыруға шақ қаламын,
Сол сәтте ғайыптан сен жоқ боласың.
Ақ шағала сенбісің, аспанға ұшқан,
Ал, мен болсам жағада қап барамын.

Өнім десем құдай-ау, түс екен ғой,
Өмірдің еске салған елесін кей.
...Каспий жақта бір сұлу көріп едім,
Ол да мені сағынып жүр екен ғой.



АНА АРМАНЫ

Диля Балтабайқызына

Не боларын ойлағанда дірілдеп,
"Қалай ғана өтеді екен тойым" деп.
Жүргеніңде ердің өзі жасамас,
"Асабада" бір той өтті дүрілдеп.

Жиналды онда жақсылар мен жайсаңдар,
Салтанатпен көкке атылды шампандар.
Екі жастың бақытыңда шек болмай,
Орындалып ойындағы армандар.

Тойдың сәні көңіліне ұнаған,
Құдайдай боп төрде отырды құдалар.
Тойда айтылған ақ тілекке ештеңе
Ешқашанда жетпейтінін біл, адам.

Шығармай-ақ той атағын көп ішіп,
Ән шырқалып, билесе ел майысып.
Керемет қой ренжісіп қалғандар,
Той үстінде жатса қайта табысып.

Сондай сәтке куә болдым сол тойда,
Осындайға шын қуансаң болмай ма?
Керіскенді келістіріп тастаған,
Той үстінен бір ұлағат алғанда.

Ақ тілегі қабыл болып ананың,
Қуаныштың жасы жуды жанарын.
"Босағама береке ала келді" деп,
Құттықтады келінінің қадамын.

«ЖЫЛ САЗГЕРІ" ТҮРСАҢ БҮГІН АТАНЫП

Айжігітке

Сен - сазгерсің, жазып жүрген сазыңды,
Талай таспа, талай әуен жазылды.
Бір сыныптан шығып жатса сазгерім,
Шабыт беріп шабытымды шақырды.

Айжігіт - ау, сенен, менен із қалса,
Ұрпақтарға үлгі болып қалмай ма?
Көре алмайтын көрсоқырлар күйініп,
Жақын достар шын сүйініп тұрмай ма?

Орта жолда Айжігіт - ау, тоқтама,
Бағытыңды түзеп алып шыңдарға.
Мойындамас қалай ғана ел сені,
Құдай берген шын таланттың тұрғанда.

Сағындырмай жаза бергін сазыңды,
Шабытыңа шабыт қосып қазіргі.
Әрбір әнің - әрбір балаң секілді,
Жалғастырар ертеңгі күні жолыңды.

Мен қуансам қуанамын жүректен,
Сен - сазгерсің жүректерге гүл еккен.
Сазгер деген сиқыршысы әлемнің,
Талайлардың көңілдерін тербеткен.

Жаксы менен жайсандардан бата алып,
«Жыл сазгері" тұрсаң бүгін атанып.
Келешектің ұрпағы да әніңді,
Шырқай берсін таңдай қаға, тамсанып!

«АДАМБЕКОВ» ДЕП ІЗДЕЙДІ МЕНІ КІМ?

Сыныптасым Еспаев Серікке (Тілепов)

Білесінбе, ей, Тілепов Серігім,
Өзгерісі аз емес қой өмірдің.
Бала күнгі сендей достар болмаса,
Адамбеков деп іздейді мені кім?

Алпыс үште мектепке алғаш барғанмын,
Алғаш рет қолға қалам алғанмын.
Адамбеков - алфавитпен жазғанда,
Бас жағында тұрушы еді журналдың.

Сондықтан да көп шығушы ем тақтаға,
Жаксы оқыдым, жүрдім соған мақтана.
Кем болмайтын диванынан шет елдің,
Интернатта жатқан қара тахта да.

Таңдайымда қара нанның дәмі әлі,
Асхананың бал татитын тағамы.
Жалғас інім әкелетін пряник,
Естен шықпай ойымызда жүр әлі.

Татулығы тарқамаған сол кезден,
Бір соғады ақ жүрегім сендермен.
Өздеріңмен бірге жүр деп ойлаңдар,
Арқа жақта жалғыз өзім жүргенмен.

Өздеріңді көрген кезде кермеден,
Қуанамын келгендей-ақ бәйгеден.
...Омаровпын - тірлігі бар орташа,
Адамбеков боп қалғанда қайтер ем?

ЖҮДЫРЫҚТАЙ ЖҮРЕГІҢНЕН АЙНАЛАЙЫН

Білгін келсе қарағым әкең жайлы,
Керегі жоқ болудың терең ойлы.
Соқтықпалы, соқпақсыз жолдан өттім,
Маңдайыма сол болып жазылғаны.

Кішкентай ғана менің періштемсің,
Сен барда төгілгендей пейіштен нұр.
Жүрегіңнен айналдым бұл әкенді,
Жамандаса біреулер келіспейтін.

Жасағаным рас қой пендешілік,
Табылар әркімнен де бір кемшілік.
Жүрегім - ақ, пейілім - кең болса да,
Сүрінген кездерім көп желіп жүріп.

Аттағам жоқ біреудің ала жібін,
Қарағым, шын жүрекпен мұнымды ұғын.
Жамандық пен арамдық жасағам жоқ,
Сондықтан елге тура қарайтыным.

Әкенді ғайбаттасын, қараласын,
"Жаптым -жала" күйесін жаға салсын.
Жүрегің бәрін сезіп жүрген шығар?
Ажыратып аларсың ақ-қарасын.



ДОСЫММЕН ТІЛДЕСУ

Досымхан Кәрімұлы Жаппарбековке

Дұрыс болды телефонмен тілдескенім,
Жағдайыңды Досымжан білмес пе едім?
Жылдар жылжып байқалмай өтеді екен,
Бала күнім боп қапты келмес күнім.

Бәрі - бәрі сағым боп қалады екен,
Үстемдігін көрсетер өмір деген.
Неше жолдас, неше дос тапқанменен,
Бала күнгі достарға жетпейді екен.

Сол бір кезгі достарым періште екен,
Пенде болмас менімен келіспеген.
Ары таза суындай мөлдір бұлақ,
Бізде мүлдем болмайтын есеп деген.

Ақсандап жүрсе де аздап оң аяғы,
Көңілі Жақсылықтың сол баяғы.
Хабарсыз көптен бері кетіп едік,
Телефон жалғап берді - ау екі араны.

Даусың естіледі жарқын - жарқын,
Түсінетін адамсың достың парқын.
Ойласам қайта келмес сол күндерді,
Кеп тұрады достарға мен де барғым.



ҚАНАҒАТ

Қызығып көп адамдар қарайтын да,
Бар сенің ғажап зәулім сарайың да.
Дегенмен, "жоқ" дегенді жиі айтасың,
Шынымен "жоқ" боп досым, барасың ба?

Қарын тояр демей ме, қанағатқа?
Қанағат жолықтырмас еш ұятқа.
Барынды місе тұтпай, "жоқ" деп жүріп,
Ілініп қалып жүрме жаман атқа.

Парқына жете қоймас ештеңенің,
Дүниеге тойған емес мешкейлерің.
Шық бермес Шығайбайды, Қарынбайды,
Қадірлеп, құрметтемес өмірде ешкім.

Байлық пен дүние болып сенгендері,
Көрмеген қанағат қып ештеңені.
Көздерін топырақ қана толтыратын,
Тарихтан білеміз ғой көп пендені.

Солардың түсіп кетпе жолына сен,
Байлықпен, барлықпенен өмір - әсем.
Барынды доспен - бөліс, тойыңа - шаш,
Халқыма қадірлі боп қалам десең.



ОРЫНДАДЫҢ СЕН ӘКЕНІҢ АРМАНЫН

*Ерболат Амангелдіұлы Ербосынов
Азия чемпионы атанғанда*

Әужекенмен дос едік арамыздан қыл өтпес,
Тағдырыма жазбады бұл өмірді бір кешпек.
Алғаш рет Ерболат шыққан кезде кілемге,
«Түбі балам чемпион болады» - деп жүруші ед.

Талай-талай жарыстардан алтын алқа әкелген,
Әттең-әттең жеңісінді көре алмады Әужекен
Күрес десе ішкен асын жерге қояр жан еді ол,
Мақтанады Ерболат та «жүкқан ғой – деп әкемнен».

Кеткенімен арамыздан арманда,
Әке есімін көтерді ұлы заңғарға.
Ол да бәлкім түскен шығар бір аунап,
Сен – Азия чемпионы болғанда.

Орындадың арманын сен әкеннің,
Қазақ атын бір биікке көтердің.
- Жеңістерің жалғассын – деп жеңіске,
Әкелік шын жүрегіммен тілеймін.



ҚАЙСАР АНА

Әмина Әлібайқызына

Қай ана бар ұл, қызын ойламаған,
Солар ғой ұрпағына қорған болған.
Жырға қосып аз ғана сыр шертейін,
Қасиетті қарапайым бір анадан.

Отбасында төрт ұл мен бір қызы бар,
Кәдімгі ел қатарлы тұрмысы бар.
Кеңестің қирап кешегі жатқан шақта,
Оларды соққан-ды суық ызғар.

Кім қияды жылы жай, кең ұяны?
Шайқалуға эзер тұр шаңырағы.
Тыңғырықтан шығатын жол іздеді ол,
Өмірдің туған кезде шын сынағы.

Балалар білім алып, оқып жатқан,
Ақшасы аз күйеуінің айлық тапқан.
Қайсар ана бір күні бел байлады,
Несібесін іздеуге Арқа жақтан.

Жұмыс іздер шақ па еді мамандықпен?
Шаруаны атқарды ол қолға іліккен.
Қыс - боран, жаз - дауылға қарамады,
Жұмыстың көзін тапса төңіректен.

Жылдар жылжып арада күндер өтті,
Қиындық бір күнгідей болмай кетті.
Қыздар ұшып ұядан, ұлдар үй боп,
Бәрі де өз жолдарын тауып кетті.

Шаңыраққа енгізіп берекені,
Әрбір күнін өткізген мерекелі.
Қайсар бүгінде әже болып,
Ойнатып отыр енді немере.

КӨКТЕМ МЕНІҢ КӨҢІЛІМДІ ЖЫЛЫТПАЙДЫ

*Хатша, Тұрсынқұл Жақыпқыздары
мен Күләш Нұрғалиқызына*

Көктем менің көңілімді жылытпайды,
Көргендерін бұл көңіл ұмытпайды.
Ұнатпаймын көктемді, неге десең?
Көктем менің үш бірдей анамды алды.

Жұмылғанда жанары анашымның,
Тоғыз жасар ойынның баласы едім.
Жетімдікті сездірмей жүретұғын,
Анашымнан айрылып қала бердім.

Он жыл толып анамның өткеніне,
Он тоғызға енді-енді жеткенімде.
Хатша апамды әкетті тағы көктем,
Бір анамды алғаны жетпеді ме?

Әлпештеген анамдай енем еді,
Ана болып жүргені керек еді.
Ол да кетті көктемде мәңгілікке,
Жылатады бұл көктем неге мені?

Содан болар көктемді ұнатпаймын,
Жаралайды жүректі шеккен қайғым.
Бірақ, бірақ қалаймын көктемеде,
Шаттанып жүргендерін адамдардың.



КӨКТЕМ КЕЛДІ...

Көктем келгенмен, көңілім неге көңілсіз?
Далада - көктем, жанымда менің - қоңыр күз.
Түрленіп жатыр табиғат біткен жанданып,
Дегенмен, бірақ, салқындық лебін сеземіз.

Не алып келді көптен бұл күткен көктемім?
Далада - гүлдер, орманда - ағаш көктесін.
Маған дегенде көктемнің салқын қабағы,
Көктем кезінде жоғалтқандарым көп менің.

Бәрібір күтем асыға көктем күндерін,
Сағынып жүрем қырымда өсер гүлдерін.
Шықылықтаған торғай даусынан түсіндім,
Тағы бір көктем келгенін.
...ЖАҚСЫЛЫҚ БОЛСЫН КӨРМЕГІМ!



БАҚЫТТЫ КҮН

Он бірінші жыл, он бірінші айдың он бірі,
Кереметке бір кенелдім достар сол күні.
«Жүрекжарды» - жыр жинағым шыққанда,
Көңілімді менің қуаныш күйі тербеді.

Елу бес жылға елу бес жырды жазыпшын,
Өзімді солай оқырмандарыма таныттым.
Бақыт дейтіннің бар болса рас екені,
Өзгелер білмес Бақыттың дәмін татыпшын.

Ауылдастарым "мынау баяғы Адамбектің ұлы" деп,
Жүргенге ұқсайды көптеген күндер гуілдеп.
Қуандым сонда әкемнің атын шығарып,
Сөздері тасқа басылып шыққан ақын боп.

Он бірінші жыл, он бірінші айдың он бірі,
Тағдырым маған сыйлады Бақыт бұл күні.
Мақтады халқым, көңілімде бірақ сұрақ жүр,
Риза болды ме екен, Адамбек әкем рухы?



БАҚЫТЫ ҮШІН ҚОС БАЛАМНЫҢ

Төрінде біздер жүрген Сарыарқаның,
Орындалар түрі бар ұлы арманның.
Екі мың он, маусымның он екісі,
Салмақшымыз келіннің біз сырғасын.

Қайда жүрсің, туысқаным Рысдәулет?
Қуанышқа бөленбекші біздің әулет.
Құдағидың даусын естігенде,
Бөленіп кеттім күйге бір керемет.

Па, шіркін ,түсім бе бұл, өнімбе әлде?
Күйден нұр құйылуда көңілдерге.
Көптен күткен арманым осы еді ғой,
Кешікпей келін келмек біздің үйге.

Бас айналып кетті ме қуаныштан,
Көңілді баса алмадым алып-ұшқан.
Ерекше қуанатын жөнім де бар,
Тұңғыш немере еді ғой қос атадан.

Рысдәулет, құдалармен танысайық,
Іздеп жүрген туыстай табысайық.
«Құда» деген мың жылдық дейді қазақ,
Мыңжылдық туысқан боп қалысайық.

Барайық алдарына құдалардың,
Білемін ғой "айды әпер" деп сұрамасын.
...Бір жүз грамм тартсам да айып болмас,
Болашақ бақыты үшін қос ботаның.

ӨТКЕН КҮНІН САҒЫНАДЫ БІР АҚЫН

Кентаудағы қырық жылдық көшесі,
Жастығымның куәсі ғой кешегі.
Осындағы сыраhana ішінде,
Талай-талай қыздырып ек шекені.

Қолдарына бір-бір бокал сыра алып,
Құрбы-достар одан-бұдан құралып.
Сыр ақтарып тұрушы едік, шіркін-ай,
Көңлімізде болмай ешбір алаң түк.

Әп-әдемі отырысты бұзатын,
Сырттан келген бұзаққылар болатын.
Әлібек пен Қыдырбайдың қандары,
Солар келсе өз-өзінен қызатын.

Абылқасым, қара Есен де қалмайтын,
"Қой" дегенге оңайлықпен қоймайтын.
Төбелеспей, көйлектері жыртылмай,
Үйлеріне қайтқан күні болмайтын.

"Елу екінші квартал" деп аталған,
Сол көшеміз жүр ғой қазір боп арман.
...Өткен күнін сағынады бір ақын,
Жастығы да, мастығы да жоғалған.



КӨК КӨЙЛЕКТІ ҚҰДАША ҚЫЗ

Құда боп барғанымда Жетісайға,
Құдалар "алыңыз" деп алды ортаға.
Түс көргендей өзгеріп сала бердім,
Құдаша қыз, сен келіп осы тойға.

Көк көйлегі жарасқан құдаша қыз,
Көңілімді қайтем енді ұнасаңыз.
Жасыра алмай сырымды жырға түйдім,
Сезімге қалай қарсы тұра аламыз?

Қанша сөзін айтса да құдаларым,
Ыңғайына беріліп құламадым.
Ал, сен келіп "алыңыз" деген кезде,
"Болсын" дедім қарағым, сұрағаның".

Содан, содан біршама тост алыпшын,
Кейін жылжып жылдарым жасарыпшын.
Ғашық еткен баяғы бір сұлуды,
Сені көріп мен оны еске алыпшын.

Болады екен осындай ұқсастық та,
Аумай қарғам, қалыпсың сол ғашыққа.
Бірақ, соны тіл қатып айта алмадым,
Қала берді көңілім құсалықта.

Сен кімсің, көк көйлекті құдаша қыз?,
Қашан қайта кездесіп сыр ашамыз?
Баяғы сұлу қыздың үзiгi ме ең,
Кiлтiндi қалай ғана таба аламыз?

Көңілімде сұрақ-көп, жауабы-жоқ,
Сағыныштың әніне саламын тек.
...Көк сағымға айналып кеткен қыздың,
Арқадағы ақынмен шаруасы жоқ.

СӨМКЕЛЕРІН СҮЙРЕП ЖҮР СҰЛУЛАРЫМ

Адал еңбек, ақ ниет жүрегінде,
Ауыр-ауыр сөмкелер білегінде,
Ерлерге еркелейтін шақтарында,
Сұлулар базарлардың жүр төрінде.

Әрқайсысы әрбір үйдің тіректері,
"Тиын табу қалайда керек" дейді.
Күн ұзаққа базарда тұрып келіп,
Кешкісін бөбектерін өбектейді.

Бәрі өткінші білеміз, үміт - алда,
Уақыт салды сынақ аруларға.
Сол сынақтан сүрінбей өтіп жатқан,
Сынауға аруларды қақың бар ма?



СОҒЫШ ТҰР РЕНЖІТПЕЙ...

Өзің едің ізбасар туысқаным,
Білмедің-ау інішек, ағаң халін,
Бабамыз Бердіқұлдан басталатын,
Аталас емес пе едім туысқаның?

Жеңген де келін болған сіздің үйде,
Баспана болмайтұғын онда мүлде.
Сол кезде әкең қамқор болып еді,
Қатыспай жүрміз онда біздер неге?

Мен сенің қатыспайтын кісің бе едім?
"Ауылда туысқаным, жұртым, елім",
Деп жүруші ем сырттан мен арқа тұтып,
Інішек, ойларыңды түсінбедім.

Арнайы Арқаны кеп аралайсың,
Ағаңның үйіне сен соға алмайсың.
Ең болмаса Абылхан сен түсінші,
Басқалармен туысқан бола алмаймын.

Мейлі мені жаманда, балағатта,
Қисаң қиып кете бер жаманатқа.
Бір кезде ағалыққа жараушы ем ғой,
Сол күндерді есің ал, еш ұмытпа.

Аяқ ақсақ болғанмен, көңіл таза,
Ағайынның алдында арым таза.
Барғанымда өзіңді іздеуші едім,
Жүрсің туыс көзімнен болып таса.

Шүкір Алла күтуге шамам жетер,
Арғын-Найман еліне сөзім өтер.
Әкемнің айтып кеткен аманаты,
Жақсылыққа жақсылық жасап өтем.

Өмірде бәрі жалған болғанымен,
Жүрейік ата-баба жолдарымен.
Жапанда жалғыз ағаш серік іздер,
Тауда сұлу көрінер бауларымен.

Сөзімді жаратыңыз, жаратпаңыз,
Ойлан інім, айтқанды сараптаңыз,
Қаншама асып-тасып тұрған жан да,
Мұратқа жеткен емес жүріп жалғыз.

Қаттырақ айтты деме неге тегі?!
Ініге сөз өткенге не жетеді?
Арқадағы құдаңа келген сайын,
Соғып тұр ренжітпей бұл көкенді.



САНАЛАРЫН АРАҚҚА УЛАҒАНДАР

Екі ұлы да еш нәрсе ойланбады,
Әке-шеше тойлары тойланбады.
Көріп жүрген кісіге қиын екен,
Арақпенен саналары уланғаны.

Өссе де немере ұл нағашыда,
Құранын бағыштап жүр атасына.
Немереге берген сол ақыл, ойды
Тәңір неге бермеген баласына?

Болған соң әке де - ұмыт, ана да - ұмыт,
Осындай балалардан қандай үміт?
Перзенттік парыз дейтін ұлы ұғымды,
Кеткен бе, шайтан суы - арақ жуып?

Бергенін қара қайта немерені,
Бұл бала қайдан алған өнегені?
Рас боп шыққаны ғой бабамыздың,
"Тектілік жоғалмайды" дегендері.

Өзіңнен асып туса туған балаң,
Қуана білген дұрыс деймін бұған.
Ұрпағының алдында ұялмайды,
Саналарын араққа улағандар.



ҮМІТ

Қарайлаймын әр нәрсеге үмітпен,
Үміт мені арылтады күдіктен.
Алғы күнге жетелейді бір сенім,
Жүзі жарқын досым болып мен күткен.

Басар тауын, барар жерің қалмаса,
Жанарыңнан күйзелістен жас тамса.
Үміт қана алға қарай жетелер,
Қайрандағы балықтай боп қалғанда.

Сүрінсен де, құламауға қақың бар,
Сондықтанда, үміт отын жағындар.
Батқан күнге тәубе десіп, әр таңды,
Жақсы үмітпен ғана қарсы алындар!



АУЫР СӨЗ

Бермеген соң қайтесің санасына,
Аз емес бейпіл ауыз арамызда.
Жататын ауыр сөзге ат мінгізіп,
Әсіресе, туған - туыс арасында.

Сөз сөйлейді кейде олар "дана" болып,
Жанашыр бауырыңдай пана болып.
Шымшылап шымбайыңа батар сөзбен,
Жатады жүрегіңе жара салып.

Сондықтан әрқашанда абайландар,
Айтарыңды алдымен жүз ойлаңдар.
"Айтылған сөз - атылған оқ" деседі,
Ендеше оқпенен еш ойнамаңдар.



НЕГЕ, НЕГЕ БАСТАМАҒАН ӨЗІНЕН?

Ата-анасын асқар тауға теңеген,
Үлкендердің бет-жүзіне келмеген.
Бабалардың жолы қандай керемет,
Ата-анасын ренжітіп көрмеген.

Ойға шомдым төсегімде жата алмай,
Ата-анаға кетті жастар қарамай.
Төрт ұлы мен үш қызынан хабар жоқ,
Ақсақалды тұрдық бірде көме алмай.

Бір кездері сыйлы жанболатын еліне.
Екі күндей жатып қапты үйінде.
Жүруші еді жетпісінде мал бағып,
Көз жұмыпты қой қораның түбінде.

Аттандырдық халық болып арулап,
Еске алу сол күндерді ауыр-ақ.
Мұндай өлім бұйрырарын кім білген?
Кім болса да тағдырына бағынбақ.

Содан, содан жылдар өтті арада,
Ұятсыздың ар-ұяты бола ма?
Әлгі шалдың бір баласы бір күні,
Бір жиында сөйлеп тұрды қалада.

"Ата-анаңды құрметтеп, қадірле,
Солар сені алып келген өмірге.
Өзің қандай сый көрсетсең оларға,
Солай етіп сыйлар ұрпақ сені де".

Мін таппайсың тыңдап тұрсаң сөзінен,
Мына сөздің жалғандығын сезінем.
Ата-насын қадір тұтса шынымен,
Неге, неге бастамаған өзінен?

РАХМАН БҰЛАҚ ҚАЙНАРЫ

Алтайдағы шипажай "Рахман бұлақ" қайнары,
Шипажай бұл салынған ең биікке шыңдағы.
Шақырады алыстан демалуға келгенді,
Қолды бұлғап алыстан Өр Алтайдың Мұзтауы.

Ақ таулар көк аспанмен тілдеседі,
Айтар болсам ғажайып бұл ертегі.
Тиіндер жаңғақ шағып қарағайдан,
Аяғыңа оралар көжектері.

Айналаның бәрі де жасыл желек,
Алтайыңа тұрғандай көрік беріп.
Жүріп келем сол орман арасымен,
Таң қалдырған табиғат болып серік.

Таза ауа көз тартып тұр табиғаты,
Швейцариядан кем емес ақиқаты.
Жұмақ ұя салыпты осы жерге,
Жер бетінің осында рахаты.

Үш қадам қиындықсыз жүрмес едім,
Үш шақырым болыпты жүгіргенім.
Үш мың шақырым алыста жүргенменен,
Келіп кетті осында күнде келгім.



ОЙЛАҒАНЫҢ БОЛА МА, СЕНІҢ ЫЛҒИ?

Біле білсең шегі бар шыдамның да,
Сала берме "Сабырдың түбі - алтынға".
Бойынды жеңдірем деп ашуға сен,
Бармағың шайнаулы боп қалмайсың ба?

Бәрі-бәрі өткінші кезең болар,
Мазанды қашырғанмен кейбір жайлар,
Шеше біл, шиеленісті шешіміңмен.
Уайымға салса да нешеме ойлар.

Күдер үзбе ешқашан үмітіңнен,
Көңілінде болмасын күдік мүлдем.
Орнына қайта келер барлығы да,
Жетпейтін жеткізбейді жүгіргенмен.

Арманың алдамасын алдындағы,
Болмашыға жігіттің сынбас сағы.
Әділетсіздік көргенде күресе біл,
Күресу деген бұл да өмір заңы.

Ашуды тый жігітім, есінді жи.
Ойлағаның бола ма, сенің ылғи?
Әркімнің несібесі бар емеспе?
Міндет емес әрқашан алда жүру.



ТҮРІҢ - ҚАРА БОЛҒАНМЕН, ЖҮРЕГІҢ – АҚ

Рымбек Рахымбекұлы Жанжсігітовке

Бір досым бар мінезі қарапайым,
Өзілдейді «өзбек» деп көрген сайын.
Әйтеуір діні бөлек орыс демей,
"Өзбек" боп жүргеніме қуанамын.

Түсінемін досым-ау, қалжыңыңды,
Толтыра бер қалжыңға қоржыныңды.
Қамшының сабы сынды қысқа өмірде,
Дос тапқанға қуанам өзің сынды.

Кездескелі сенімен ширек ғасыр,
Жап-жас қалпың көзімнің алдында тұр.
Осы бейнең мәңгілік қала берсін,
Шаш ағарып байқаймын бара жатыр.

Көнілді қайтармадың барғанымда,
Ауыр салмақ өзіңе салғанымда.
Жанып түсер жайың бар қазақ десе,
Намысшылдық қаныңда болғаны да!

Бастық болдың, бірақ, сен, өзгермедің,
Көмек бердің көбіне көз көргеннің.
Қолына билік тисе өзгермейтін,
Өзіңдей жігіттерді мен білмедім.

Иілгенге басымды иіп өтем,
Мәртебесін өзгеден биік етем.
Түрің - қара болғанмен, жүрегін - ақ,
Сол үшін-ақ, мен сені сүйіп өтем.

БӘЙШЕШЕК КЕЛІНШЕК

Сен бәйшешек жаңа шыққан көктемде,
Қызығамыз қасыңнан біз өткенде.
Гүлдерің бір шуақ шашып тұрғандай,
Көз тартарлық сұлу болып кеткен бе?

Жатып алып аптақ қардың астында,
Осы шақты күтіп қалқам, жаттың ба?
Жылу алып көктем күні келгенде,
Жырым болып есігімді қақтың ба?

Көктемімнің алғашқы бір гүлі деп,
Гүлдерменен келіп жатыр жылы леп.
Наурыз айы жылдың басы болған соң,
Жүрегімнен жаңа жырлар туар көп.

Шыға берсін бәйшешектей жырларым,
Жырларыма өзінді арқау қылғаным.
Сен оятып кеткеннен соң көңілді,
Кейде аздап батып жүрмін мұңға бір.

Бәйшешегім, көктем күнді әкелген,
Сені ойласам қанаттанып кетем мен.
...Сені үзіп әкете ме әлдекім,
Суретінді салып қойдым өлеңмен.



ӨЗІН ҒАНА ДАНЫШПАН ОЙЛАЙ МА ЕКЕН?

Болса шіркін өмірде денсаулығың,
Көтересің тағдырдың ауырлығың.
Қарт ана қиналып жүр сырын ашпай,
Ойлауменен тәкаппар жалғыз ұлын.

Ойлағаны ұлының байлық қана,
Көңіл бөліп қарамай анасына.
Дәрігерге қаралуға шамасы жоқ,
Қарт ана күрсінеді іштей ғана.

Қарт ана үн қатпайды баласына,
Қарайды қатулы оның қабағына.
Сәл нәрсесін жүреді ұл міндетсініп,
Осыдан соң сыйластық болады ма?

Бар нәрсені ойлайтын ақшаменен,
Санасқысы келмейтін басқаменен,
Анасының ақылын алмайтындай,
Өзін ғана данышпан ойлай ма екен?

Азын-аулақ ызмет - қолдың кірі,
Түсінбейді осыны елдің көбі.
Қарт ананың көңліне қаяу салған,
Ақ сүтін емген кеше ұлдың бірі.



АЛМАТЫДАҒЫ КЕЗДЕСУ

Алматының басында бір топ достар жиналып,
Мәз боп қалдық баяғы бала күнді еске алып.
Мейрамхана «Марс» бізді өзіне шақырды,
Менің тұңғыш кітабымды сонда барып тойладық.

Әбдіғани, Сәрсенбай, Нұртас және Данияр,
Қуаныш пен Қасымхан дейтін ірі ақын бар.
Тілектерін жаңбырша жатты олар жаудырып,
Алдарында сыра мен ашы су бар алдырған.

«Көрімдік» деп бір ондық тастай салды Қасымхан,
Не аясын Қасекең бала күнгі досынан?
Қашаннан-ақ қонақжай жігіт еді Әбекең,
Бәрімізді үйіне шақырды ол тосыннан.

Кешір мені, Әбеке, бара алмадым үйіне,
Орным дайын әрқашан білем, сенің төріңде.
Көңіліңді де білемін ақ мақтадай кіршіксіз,
Орайын бір табармын қайта айналып келуге.

Жетпейді ғой ешкім де бала күнгі достарға,
Жаным жаз боп қалды ғой басымызды қосқанға.
Ауылымды көшіріп көз алдыма әкелді,
Ару қала Алматым - маған мәңгі астана.

Жүрейікші достарым, дәйім солай жарасып,
Құшағымыз ашылсын көрген жерде дәм жазып.
Кездескенше келесі жетерлік нәр бердіңдер,
Кездескен соң жан-жаққа кетсеңдер де тарасып.

АРМАНЫМ ЖОҚ!

Таң шапағын қуана қарсы алатын,
Екеуміз де төлі едік бір ауылдын.
Ол кезде ақжүректі періште едің,
Кетіпті-ау көтеріліп танауың тым.

Көзіңе ілгің келмей досыңды бұл,
Көрсен де көрмеген боп қашып жүрсің.
Бүгінгі нарық заман өзгертті ме?
Мен сенің ниетіңнен шошып жүрмін.

Зәулім үй, темір тұлпар, байлық жиып,
Өзінді өзгелерден көріп биік.
Жалмауыздай жұлқынып барасың ғой,
Жігітке жараса ма, мұндай қылық?

Тұрады елдің бәрін алдағың кеп,
Абырой елден бірақ, алғаның жоқ.
...Дүнием болмаса да, қысылғанда
қол ұшын берер менің достарым көп.
Сондықтан бұл өмірде арманым жоқ!



ҮМІТІМ ЕРЕН ЕРТЕҢНЕН

Емдеймін қалай жүрегімдегі жараны?
Күн өткен сайын асқынып тіпті барады.
Үзілген жіпті жалғай алам ба қайтадан?
Осы бір сұрақ сарылтып бітті сананы.

Кіналы санап өзімді азап шеккенде,
Көзіммен тура қарай да алмаймын өткенге.
Жегідей жейді жанымды менің ышқынтып,
Кінәлі күндер кейіндеп қалған көк белде.

Ауыратын болды кейінгі кезде жүрегім,
Анау-мынауды елей қоймайтынның бірі едім.
Қателіктерім мен күналарымды тізбелеп,
Күйім не болмақ, алдымнан шықса келер күн?

Пенденің Тәңір бере қоймайды тілегін,
Ақылым аздау болса да, мұны білемін.
Дегенмен, менің үмітім ерен ертеңнен,
...Жаман болмаспын.



БІР КЕЛІНШЕККЕ

Көргенде кербез, керден, сырбазыңды,
Тереңнен тебіrentіп ойлар тұнды.
Өзін зор білімдіге балайтұғын,
Қылығы бұл сылқымның толғандырды.

Адамды жүрген жерде алалайды,
Өзгеге пысқырып та карамайды.
Жағалап лауазымы үлкендерді,
Кісіні қызметімен бағалайды.

Өзінен төмендерді алдағансып,
Жатады түлкі бұлаң, құрақ ұшып.
Түрінен байқалады айтқызбай-ақ,
Тәкәшар екендігі, пейілі - сасық.

Не керек адамдарды бөле жарып?
Туады түрлі реніш содан барып.
Аналардан үлгі алмай ма, отыратын,
Шаңырақтың шырайлы шамын жағып.



ІСКЕР ІНІМЕ

Мұхтар Жүнісбеқұлы Бақбергеновке

Ел мақтайды әрқашан бұл жігітті,
«Ақтайды» деп үкілеген бар үмітті.
Кәсіптерін нәсіп етіп өміріне,
Алып тастап жүректегі күдіктерді.

Жұмысына жауапты ширақ жігіт,
Жатпайды қол қусырап барды күтіп.
Маңдай тер табан ақы тапқандары,
Шапқылайды шартарап елді кезіп.

Шүкір Алла тіл көзден сақтағайсың,
Сүйген жарды өміріннен тапқандайсың.
Бірлікпен тірліктің жолып тауып,
Жілігін шағып жүрсің шаруаның.

Үлгі болар іскер інім жастарыма,
Көзін тауып ісінің бастауында.
Сөзбен емес ісімен дәлелдеді кәсібінде,
Сол үшін ел аузында мақтаулы да.

Жаңылма жолдарыңнан іскер інім,
Бата берер әрқашан қалың елім.
Батаменен ер көгерер дейді қазақ,
Батасы қабыл болсын іскер інім.



СҰРАҒЫ КӨП ӨМІР

Жауабы жоқ өмірдің, сұрағы көп,
Шешкім келіп менің де тұрады кеп.
Әділдікті іздеген әлсіз жанға,
Бүлкілдеген бүйрегім бұрады көп.

Кеудемнен итергенде "ірі" келіп,
Қалмаймын дәрменсіздің бірі болып.
Жағасына жармасып, жанталасам,
Қалсам да мейлі өлі - тірі болып.

Арамзалар жүретін алшаң басып,
Кеудемсоқ, өркөкірек, ойы - сасық.
Тізелерін батырып бара жатыр,
Жалғанды жалпақ басып, асып-тасып.

Ойлағаны халықты алдау - арбау,
Қанағат, тәубе деген қалмаған - ау.
Бозторғайы жүректің шырылдайды:
"Жердің бетін зұлымдық жайлаған - ау".

Адамның жол бермейтін адалына,
Бұл заман - Зұлымдардың Заманы ма?
Қанішер, қаныпезер, қылмыскерлер,
"Құрметтің " төрінде қалады ма?

Кезі келді емес пе құрықталар?
Адалдық беру керек рухқа - нәр.
...Сұрағы көп болғанмен бұл өмірдің,
Бір жауабы әйтеуір болып қалар?!

КЕШІРІМДІ БОЛАЙЫҚ

Өкпе - наз жүрмесе ағайын арасында,
Білмейсің кімнің ағын, қарасын да.
Болмашыға бола кейде бет жыртығысып,
Араздасып шынымен қаласың да.

Бірбеткей бола қалып бәріміз де,
Қарамай шамамыз бен әлімізге.
Тақтан тайып қалардай тартқыншақтап,
Кешірім жасамаймыз бірімізге.

Жатамыз ақыл-ойды алшақтатып,
Ақсақал жоқ отырар жөнін айтып.
Бірінші боп келмейді бас тартқымыз,
Алатындай биікті аласартып.

Ойлап тұрсам бәріміз пендеміз - ау,
Пенделікпен ақылдан кендеміз - ау.
Кешірім сұрай алмай ағайыннан,
Араздасып өмірден өтеміз - ау.

Осындай ойлар мені тербетеді,
Кішірейе салғаннан нең кетеді?
Қамшының сабы сынды қысқа өмірде,
Кешірімді болғанға не жетеді?!



Екінші бөлім

Көңілімнің көкжиектері



БИЛІК БЕРІШ ҚОЙМАЙЫН ДҮШПАНЫМА

Мінезім болып кетті ашуланғыш,
Ие болмай ауызға алты қарыс.
Ашуым тез болғанмен, қайтуы тез,
Маза бермей жүр мені бір құбылыс.

Қабағына басқаның қараушы едім,
"Табамын" деп қалайда оның емін.
Көңілге сәл нәрсені ала берем,
Мінезім өзгерді екен неге менің.

"Көңілі адамдардың қалмасын" деп,
Өзім емес өзгені ойлаймын көп.
"Ашу-дұшпан" деген ғой бұрынғылар,
Осыны еске аламын дәйімі көп.

Қараймын ойлы көзбен жан-жағыма,
Алғысы келсе ашу қыспағына.
Ашуымның қайтымы тез, өйткені,
Билік бергім келмейді дұшпаным.



КЕШЕ МЕ, КЕШЕГІ ӨТКЕН БАБАЛАР?

Келеміз айырылмай өзге тілден,
Қинайды осы бір жай күнде көрген.
Кеше ме, кешегі өткен бабаларым,
Ел қадірін сөйлеген сөзден білген.

Кеше ме, кешегі өткен бабаларым,
Жасынан жаттап өткен дала заңын.
Тіл мен дін, жер жолында құрбан болған,
Тәуелсіз ел болсын деп балаларым.

Бабалар аңсап өткен армандаса,
Желтоқсан сара жолды салған қоса.
Жалтақтап біз келеміз әлі күнге,
Армандар кім кінәлі жалғанбаса?

Құрметпен өзге тілге қарағандар,
Ақ сүтін – ана тілін бағалаңдар.
Кез келді уа, халқым нүкте қояр,
Сөйлесін өз тілінде бар адамдар!



МҰҢАЙЫП ЖАНАРЫҢНАН ЖАС ТАМБАСЫН

Мен көрдім қу тағдырдың мұң салғанын,
Сыны ма, сынағы ма бұл жалғанның?
Не келіп, не кетпеген бір басымнан,
Көтерген тағдырының бар салмағын.

Бозторғай шырылдады жүрегіннен,
Кез болды алдыңнан сан кедергілер.
Ағатай сен ақтарып айтпсаң да,
Мен сенің бар сырынды білетін ем.

Әлдеде өмір сүрші үмітпенен,
"Айырап бар бақыттан күдік" деген.
Бәріде болар ұмыт, болар ұмыт,
Құтқарар сенсең адал үміт неден.

Шыдашы, шыда аға шыдамды нар,
Жол көп қой бұл өмірде бұдан шығар.
Әрнеге жұқартпашы жүйкенізді,
Түбінде жеңіп шығар шыдамдылар.



ШАБАН АТПЕН ТЕҢЕСТІМ

Қанығып сіміре алмай арман нұрын,
Мен бүгін армандамын, армандамын.
Шын жүйрік сәйгүліктер бөлек екен,
Шабандап қатарымнан қалғандығым.

Көңілім көк дөнендей дәмеленген,
Үмітім үкілеген, кәделі ең сен!
Көрмеппін көмбедегі көп алтынды,
Жүргенде текке шауып дәлдуменен.

Адамзат ат таңдаса адал мүсін,
Жүйрігі, қай кезеңде жарамдысың!
Соларға сырттай қарап қызығамын,
Өзімнің байқалғанда шабандығым.

Көзден бұл-бұл ұшып кетіп белес, шын
Жиырма бесім, қайта келер емессің.
Қанша жүйрік болсамдағы кешегі,
Бүгінгі күн шабан атпен теңестім.



КЕШІР, БАУЫР

Мен адаммын еліме танылмаған,
Жүрегімде жыр қалған жазылмаған.
Байлық емес, мақсатым адам болу,
Ақын болу ақ жолдан жаңылмаған.

Күнәм бар өткен күннің есебінде,
Білмеймін кешпес Алла кешерін де.
Көп жүрдім ақымақтар арасында,
Жеткенімше бүгінгі осы күнге.

Дейтіндер қатарында өзгергендер
Жағаға таста бірақ сөзге ермеңдер
Ешкімнің ала жібін аттағам жоқ,
Бағамды берер өзі көз көргендер.

Қайтемін кінә тағып пысықтарға,
Көп жандар ұпайларын пысықтауда.
Қу кетті - көк есегі судан өткен,
Өзінше өздеріне қызық сауда.

Өмірге іңкәр жүрек менде ғана,
Сенбесең, жүрегімді ашып кара.
Бәрібір бастан сөзді асырмаймын,
Сен мені керексізгіп тастасаң да!



АҒАМА

Арыстанбек Тұрарбекұлына

Ақылы мол ағынды дариядай,
Ағаны да жүріппіз біз тындамай.
Өмірім басқа жолмен жылжыр ма еді?
Кезінде жүрген болсақ сөзін тындай.

Ағам адам екен ғой өмір көрген,
Көргендігі сан мәрте дәлелденген.
Көпті көрген кісіні тындағанда,
Бармақ тістеп өмірде күрсінбес ем.

Түсіндім кеш болса да, ағатайым
Ұялам өзіңізден келген сайын.
Алдымдағы ағаның соңына ермей,
Түсіпін басқа жолға соры қалың.

Не деген көрсоқыр ем, көкірек ем,
Сабама түсірді әкеп өмір деген.
Өзіңнің сөздеріңді тындағанда,
Білемін осыншалық өкінбес ем.

Кешір мені, ағатай кешір мені,
Ініңнің осы болды түсінгені.
Ақылың әлі де аға көптік етпес,
Тілеймін жақсылықты өмірдегі!



ҚҰДАМА

Құдам Сағит Бодықұлына

Жатырмыз құдай қосқан құда болып,
Жүрегім жатыр менің жырға толып.
Құдағи - апай тауып жатқан кезде,
Сағит жүрсін жанымда іні болып.

Жараймын деп ойлаймын ағалыққа,
Қол ұстасып шығайық талай қырға.
Кен жүрек, ақ тілектен тілегім сол
Екі жас болды бізді сыйлап тұрса.

Сыйласайық сыр ашып аға-іні,
Қарапайым қазақтың болып бірі.
Құдағилар татулығы тәтті болсын,
Немере кеп тербелсін бесік жыры.

Жүрейік аман болып жастар үшін,
Оларға әрқашанда қосып ақыл.
Ақ келіннен айналып бұл атасы,
Сағынып бір немере тосып отыр.

Айнұрды келін емес, қызым дейін
Қызым үшін төгілсін мол мейірім.
Екі жастың таусылмас қуанышын,
Құдамен, құдағимен бір көрейін.



ОТЫЗ ЖЫЛДЫҚ ТОЙҒА ТАРТУ

Рысдәулет пен Күләшқа

Алматының ерекше көктемi едi,
Көктен күн мейiр, шуақ төккен едi.
Бұлбұлдары ән салып, өзендерi,
Сыңғыр қаққан сұлудай еркелейдi.

Оралайын 80-нiң көктемiне.
Алма ағаштар тым ерте көктегенде.
Рысдәулет пен Күләштің тойы өткен-дi,
Алматыда, Алатау бөктерiнде.

Жиналып жақсы менен жайсандары,
Би билеп, тілек айтып, ән салған-ды.
Ақсақалды аталар бата берiп,
Ақ жаулықты аналар қол жайғаны.

Күнi кеше секiлдi соның бәрi,
Бал-бұл жайнап тұрғаны жастар жаны.
Атақты ақын Мұхтар Шахановтың,
Кітап сыйлап, қолтаңба қалдырғаны.

Отыз жыл өтiптi ғой содан берi,
Күләш - әже, Рысдәулет - ата болды.
Өрiстi, өнегелi бұл отбасын,
Бiлетiннiң бәрi де қадiрлейдi.

Үш қызын қондырды олар үш қияға,
Өздерiнен аумайды құдалар да.
Өмiрдегi ең басты бақыт сол ғой,
Жақсылар жақын жүрсе жақсыларға.

Бағаланып кеншілік еңбегі де,
Қос орден такты елі кеудесіне.
"Рысдәулет Есімовтің кеніші" деп,
Аталады "алпыс бес" кенішің де.

Жазылмай жүре берсін жұптарыңыз!
Жайнаған гүлге толсын бақтарыңыз!
Отыз жылдық отау құрған тойларыңа,
Жырменен шашу шашып жатқанымыз.



АЛАМАННАН КЕЛГЕН ТҰЛПАРЫМ

*Сыныптас досым,
композитор Айжігіт Асановқа*

Қуандырып тастады сенің жылы хабарың,
Әрқашанда осылай құтты болсын қадамың.
Оқушылық кезеңнен, бала күннен басталған,
Армандаған мақсатың, таудай еді талабың.

Енді бүгін еңбегіңді елі-жұртың еледі,
Өндеріңді жастар жаттап, үлкендер де біледі.
"Бұл Айжігіт бірге оқыған досым" деп,
Жаксылықтың шаттанады жүрегі.

Өні қазір Өнұран боп төрімізге төрлеген,
Бір кездері Шәмшіні де көзімменен көрген ем.
Кездесуге келгенде пионер ғып ағаны,
Мойынына алқызыл галстук тағып берген ем.

Өзіңмен де марқаямын, мақтанамын әрқашан,
"Қыраным" деп көк аспанда қанаттары самғаған.
Екі миллион халқы бар шұрайлы бір қаладан,
Сазгерлердің көшін бастап, әкімінен сый алған.

Өнге толсын, сазға толсын айналаң,
Биіктіктер қалмасын досым, өзің алмаған.
Кең жүректен, ақ көңілден саған деген тілерім,
Көбейе берсін күндерің топқа түсіп бәйге алған.



БАҚЫТЫҢ БАСЫМ БОЛСЫН БАСҚАЛАРДАН

Жиенім Бауыржанға

Естігенде жиеннің үйленерін,
Қуандым әрі мұңлы бір күйге ендім.
Өткен күнім алдыма келді бүгін,
Қайынжұртқа салт барып үйленгенім.

Әкем де, шешем де жоқ жетім едім,
Алтайға жалғыз өзім жетіп едім.
Қызына өзім құда түсетіндей,
Құдай-ау, сонда неткен батыл едім?!

Салт басым салып-ұрып барғанымда,
Көлденең тұрмай ешкім арманыма.
Түсінікпен қайынжұрт қарап еді,
Ештенені алмастан ойларына.

Бәрінің бағынғаны атам еді,
Аузына елдің бәрі қарап еді.
"Ештенеден қысылма" деді сонда ол,
"Мен де жетім өскенмін, балам" деді.

Содан соң қолын жайып бата берді,
Алтайдың ару қызы соңыма ерді.
Ақ батасы атамның қабыл болып,
Бақытты шаңырақпыз содан бері.

Жиенім, орындалсын ойдағы арман,
Ақжарылқап күн тусын алдарыңнан!
Бақытың басым болсын басқалардан,
Тілейтін тілегіміз - біздің саған!

АСЫҒЫП ЖҮРМІН СЕНІ КӨРГЕНІМШЕ

Бәлем Құрбанбайға

Қадірі бөлек бөлемсің, Құрбанбайым,
Қалай сенің денсаулық, қал-жағдайың?
Тай құлындай тебіскен кездерімді,
Қалай ғана еске алып сағынбайын.

Бала кезде екеуміз егіз едік,
Не көрсек те барлығын бірге көрдік.
Аяулы ана арқасында ажырамай,
Жүруші ек қолдағыны теңдей бөліп.

Жиырма жылдай Арқадан сен кеткелі,
Анамыздың есте ғой еңбектері.
Егіздей киіндіріп қоюшы еді,
Анамыз бізді сірә, бөліп пе еді?

Дегенге бөлем менің, бөлем менің,
Сақтаулысын түбінде жүрегімнің.
Қамшының сабындай бұл қысқа өмірде,
Алыс-беріс азайды неге деймін?

Жатырмын өмір сүріп мен өзімше,
Тірлік жасап әлімнің келгенінше.
Өзінді жиі ойлайтын болып кеттім,
Асығып жүрмін сені көргенімше.

Табыссақ қайтадан біз бола ма айып?
Табысудың амалын ойланайық.
Аруағы анамыздың риза болсын,
Баяғы бал күндерге оралайық.

КЕНШІСІҢ КЕНІШТЕРДЕ ІЗІ ҚАЛҒАН

Жыхан Сиязбайұлына

Өмір деген өтеді екен қас қағымда,
Келдің бүгін алпыстың асқарына.
Кеншісің ізі қалған кеніштерде,
Мойындаған дұшпаның, достарың да.

Досқа адалсың, туысқа орның бөлек,
Талайларға қамқоршы болдың тірек.
Ақылшы бола білдің ұл-қызыңа,
Кенпейіл бойыңда бар үлкен жүрек.

Үлкенге - іні, кішіге - аға болдың,
Өзгелерге өнеге өмір жолың.
Апаммен, балалармен бақыттысың,
Ақ немере сыйлады қара қызың.

Құтты болсын айтамын алпысыңа,
Тербеле бер бал бақыт құшағыңда.
Жүз дейтуғын шыңға бізді бастайтын,
Жолбасшы боп жүре бер арамызда.



ЖОМАРТ ЖІГІТ

Кеңесбек жездеме

Жүрмейтін қысқа ойлап бір күнімен,
Танылған жандар көп қой тірлігімен.
Жігіттің жомартынан сыр шертейін,
Жақсылық тамып тұрған жүрегінен.

Отыз бес жыл болыпты мен білгелі,
Жақсылық жасауға әркез жүгіреді.
Құрылысшы әрі ұста ел білетін,
Бойында бар тағы да қол өнері.

Жүгіреді әйтеуір шаршамайды,
Ала бөліп адамдарды таңдамайды.
Кеңеспенен кеңесіп жүреміз-ау,
Ақылын бұл жігіттің ел тындайды.

Бұл досым қыл өтпеген арамыздан,
Сәулелі сөз салады санамызға.
Ақыл айтып, кеңесін берген кезде,
Айналады Кеңесің данамызға.

Жүрегі - ақ, ал, мінезі жас баладай,
Пейілі - кең, көңілі кең даладай.
Дастарханын дариядай жайып тастап,
Жомарттығын тұрады ол жасыра алмай.

Жылулық бар өшпейтін жанарында,
Ел мақтайтын жігіттің қатарында.
Осындай жомарт жігіт жүре берсін,
Біздерге "демеуші" боп ортамызда.

БАУЫРЛАРЫН БАУЫРЫНА БАСЫП ЖҮР

Мұхамбет Әйтімбетке

Көңіліне тұнған тәубе, қанағат,
Көлеңкесін жүретін ел саялап.
Бауырларын бауырына басып жүр,
Әке орнына әке болып азамат.

Келді ол бүгін ердің жасы елуге,
Елі сыйлап шығарып тұр төріне.
Еңбек етті, терін төкті аянбай,
Қаныш мол кен тауып берген өңірде.

Осы жерден тапты және ол арманын,
Осы жерге орнатып бақ ордасын.
Сарыарқада азамат боп калуға,
Еңбегі зор сүйген жары Алманын.

Екі жаста сүйікті ұл - немере,
Басқа қонсын ынтымақ пен береке.
Әке орнына әке болған ағасын,
Бауырлары көтеріп жүр төбеге.

Соның бәрі жарасымды көргенге,
Риза боп жатыр келген елдер де.
Сол сыйластық тарқамасын, Мұхамбет,
Немереңнің өзі жүзге келгенше.



ҮШ ТОЙ

Үш тойың қатар келді Мәулен бүгін,
Ұмытпай асыл әке туған күнін,
Алпыстың асқарына толған шақта,
Тойлайсың сүндет тойын немеренің.

Бір оқпен үш қоянды атты ма екен?
Не деген мерген еді біздің Мәкен?!
Бір өлең мен де жаздым үш тойға арнап,
Мәкеңнен сірә үлгі алдым білем?

Өмір - өзен ағысымен жүзе алсаң,
Махаббаттың дауылына көне алсаң,
Жолығасың Бақыт дейтін биікке,
Қиындыққа мойымастан төзе алсаң.

Жаны жайсаң адамның сен ұлысың,
Ойлап жүрген ұлысы мен туысын.
Жалықпайсың үйретуге ұрпаққа,
Бұл өмірдің бұрысы мен дұрысын.

Бақыт қонсын шаңырақтың басына,
Байлық келсін әр кереге қасына.
Баянды өмір, ұзақ ғұмыр тілеймін,
Сәби тойын тойлайықшы тағы да.

АЙЖІГІТКЕ АЙТАРЫМ

Ассалаумағалейкум, Айжігітім!
Түсінерсің сырларын жүрегімнің.
Сыр сандығы сайраған сазгерімсің,
Дәлелдейік ақын - сазгер егіздігін.

Шымкенттің шырайлы қаласында,
Біреуге - іні, біреуге - ағасың да.
Мен саған ақтарылып сыр ашамын,
Көңіліңді маған қарай бұрасың ба?

Білесің бе, "жетпіс төрт" түлегіміз,
Сыр толған, жырға толған жүрегіміз.
Опыр-ау, бала күндер қайда қалды?
Жігіттер-ек сөгілмеген біз іргеміз.

Өзен екен ағысы бар өмір деген,
Жақсы ғой өкінбестен жүзе білсең.
Сол өзен ағысымен Айжігіт – ау,
Шама-шарқым жеткенше жүзіп келем.

Бір малтып, бірде батып суларына,
Ұшырап қала жаздап құрбанына.
Келемін салмағымды салмай көпке -
Қарамай жолдың ауыр болғанына.

Ақындық сазгерлікпен егіз өнер,
Рухани нәрі бар елге берер.
Мен деген ұлы өнердің сәбиімін,
Досым-ау, қолтығымнан демеп жібер!


ЖАҚСЫЛЫҚТЫҢ ТІЛЕРІ - ТЕК ЖАҚСЫЛЫҚ

Гүлбаршын Тоқтасқызы Әбілқасымоваға

Отыз жылдан асыпты бас қосқалы,
Бірге өріліп келеді бақ жолдарың.
Шанырақтың шырайын келтіріп тұр,
Қос қанатың тәрізді қос қыздарың.

Үш немере - сүйкімді құлындарың,
Құлындарың - ұқтырған өмір мәнін.
Құдай қосқан қосақпен бір қартайып,
Құлындардың көріңдер қызықтарың.

Бүгіннен де көркем боп өмірлерін,
Көктемнің күйін шертсін көңілдерін,
Жақсылықтың тілері - тек жақсылық,
Абырой биігінен көрін дейтін!



СЕРІК ДОСЫМА

Бірге өткіздім өзінмен бала күнді,
Бір теріп ек қанша рет дала гүлін.
Қалайша ұмытайын Серік досым,
Сол шақтарды кешегі балдай шырын.

Өмірдің енді-енді басталғаны,
Көз алдымда интернат, өрік бағы.
Қара түнде кара өрік ұрлаушы едік,
Қаншамасын жесек те тоймай қалып.

Сары алтындай кешегі сары бала,
Озып шықтың бүгінде топты жара.
Мақтанышпен марқайып атыңды айтып,
Қуанамын өзіндей дос барына.

Сырғып өтер бұл өмір қас-қағымда,
Оралмаспыз кешегі жас шағыма.
Алға өмір жылжығанмен, қала берсін,
Баяғы бала-көңіл сол қалпында.



САМҒА БИІК САРЫАРҚАНЫҢ КӨГІНЕ

Қанат Батырбеков ініме

Құтты болсын, қамал бұзар қырығың,
Таси берсін думан, шаттық, қызығың.
Биік ұшып қанатыңды кеңге жай,
Назарыңда болғын дәйім Қыдырдың.

Апшысайда туып-өскен қыраным,
Аламанда озып атың шығардың.
Құдай сені тіл мен көзден сақтасын,
Тек биіктеп өсе берсін шынарын.

Сан сындардан сынбай өткен болатым,
Қара нардың жүгін тартқан Қанатым,
Еңбек етіп елің менен жер үшін,
Үлкендердің ала бергін батасын.

Соңынан ел еріп жүрген інімсің,
Қамын ойлап жүргенің кіл кеншінің.
"Қазақмыстың" көшін өрге сүйреген,
Мен білетін жігіттердің бірісің.



ЕР ЖАСЫ

Сәкен Сейткенұлы Сағатовқа

Құтты болсын, ердің жасы елуің,
Ақтап жүрсің қалың елдің сенімін.
Азаматсың кең жүректі, ақ көңіл,
Қалдырмаған дос – жараның көңілін.

Кен қопарған кенші болдың бір кезде,
Білім қуып жүрдің әркез іздене.
Көріп жүрсің сол ізденіс жемісін,
Тура бидің сөзін айтып еліңе.

Төрағасы Жездідегі бір соттың,
Екенінді бұл өңірде білмес кім.
«Бабалардың жолы әділдік жолы» деп,
Ақ жолдан еш таймасыңды көрсеттің.

Бақыттысың Қаламқастай жарың бар,
Балалардан тек рахат табыңдар.
Бірің – ата, бірің – әже атанып,
Тек бақытты, тек бақытты болыңдар!



ЕРБОЛАТ - ТОҒЖАН ТОЙЫНА

Құтты болсын, бақыт құсың қонғаны,
Армандарың орындалды ойдағы.
Шашу етіп өлеңімді өрбітейін жүректен,
Қуаныштың бір белгісі бұл-дағы.

Бір құрлықты мойындатқан азамат,
Жетістігің керемет қой бір ғажап.
Қазағымның қайсар ұлы өзінсің,
Ел намысын қорғап жүрген Ерболат!

Жеңіп шықтың Ташкент қаласында,
Ел қарады қазақтың Байрағына.
Ана сүтін ақтаған азаматым,
Шыға бергін биік-биік шыңдарға.

Білекте - күш, бойда - қан тасығасын,
Алда деймін алатын асуларың.
Біз қуанып жүрейік мақтан етіп,
Үмітін әкелердің ұмытпағын.

Көтердің сан биікке қазақ елін,
Намысымыз өзің ғой ел сенетін.
Аруағы Аужекеңнің қорғай жүрсін,
Арғымақсың бәйгеден сен келетін.

Аламанда жүлде ап жүрген тұлпарым,
Мақтанамыз бізде сендей ұл барын.
Тоғжаныңды қондырыпсың қолыңа,
Қосағыңмен бақытты бол, шырағым!

ШАҢЫРАҚТЫ БИІК ҰСТАП...

Зулфия Тәжікенқызына

Құтты болсын құдағи, алпысыңыз!
Жырын төксін жүректен ақыныңыз.
Ұл-қызың бар, немерелер арқасында,
Әрқашан аман болып жүз жасаңыз!

Жарасар сізді ардақтап батыр десем,
Пейілі кең, жүрегінде ән тербелген.
Шаңырақты биік ұстап әулетінде,
Жайдары мінезің бар қашан көрсем.

Жеткіздіңіз кем етпей ұл-қызыңды,
Дөңгелетіп шаруаны, тұрмысыңды.
Шағатай мектебінде еңбек етіп,
Қызыңызға тапсырдыңыз жұмысыңды.

Қыдырыңыз арқаны кеңге салып,
Жаңаарқа, Жетісайға жылда барып.
«Алпыс-тал түс" дейді екен қазағымда,
Талтүсте тұрсыз енді ойласаңыз.

Құтты болсын, тағы да алпысыңыз,
Таусылмасын құдағи, дәм-тұзыңыз.
Мың жылдық құда болып жүрейікші,
Сыйластықтан үзілмей екі арамыз.



ОРНЫНДА БАР ОҢАЛАР

Айдар мен Гүлдана тойына

Сарыарқа, Сары далада,
Сәтбаев деген қалада.
Дүрілдетіп той жасап,
Отырмыз екі балаға.

Ақ сүт берген ананың,
Сағына күткен тойы бұл.
Жан-жақтан келіп туыстар,
Қуаныштан тасып жүр.

Баянды болсын бақыт деп,
Жүрегінде шаттық көп.
Дастарханын мол жайды,
"Тойласын әбден халқым" деп.

Біле білген адамға,
Той да өмірдің сынағы.
Періште косса ұл-қызды,
Құдай қосар Құданы.

"Орныда бар оналар",
Қазақтың бұл сөзі-анық.
Оңалғанын көргесін,
Отырмыз ғой қуанып.

Екі жас болсын бақытты,
Ұзақ та болып ғұмыры.
Ғасырларға ұлассын,
Қуаныштары бүгінгі.

ҚОС АҚҚУДАЙ ЖҮЗІНДЕР ӨМІР КӨЛІН

Мейірбек пен Клараға

Ақ тілегін ағытам жүрегімнің,
Мерейтойы ерекше қос елудің.
Дастарханды кең жайып отырсындар,
Батасын алайын деп қалың елдің.

Он бес жылдай білетін Мейірбегім,
Еңбек етіп төгілді маңдай терің.
Шаңырақты биікте ұстау үшін,
Аттадың ғой өмірдің талай белін.

Кіндік қаның тамғанмен Хантағыда,
Еңбегіңмен елендің Сарыарқада.
Қол ұстасып Клара келінменен,
Өз ұлындай боп кеттің бұл араға.

Алтын асық ұлыңды соңыңа ертіп,
Күміс қасық қыздарға білім беріп.
Ата-ананың парызын өтеп жүрсін,
Жаныңмен, жүрегіңмен мейір төгіп.

Сыйлысың туған-туыс, ағайынға,
Дос-жаран, құрбы-құрдас талайына.
Әйтпесе осы тойға келер ме еді,
Қарамай қақап тұрған аязыңа.

Жалғасып келе берсін елулерің,
Қос аққудай жүзіндер өмір көлің.
"Жүз" дейтұғын сендерге сөз бола ма?
Жүзді құрап тұрғанда елулерің.

БАЖАМА

Рафис, мен өзінді бажа деймін,
"Бажаның басы қышыр, қажа" деймін.
Мұң айтар, сыр бөлісер досымдайсың,
Көңілім саған деген таза деймін.

Басымды Арқада арақ аздырғанда,
Мәз боп ем Бескөлде сен жаздырғанға.
Ақаңмен қоштасқалы біраз болды,
Бірзамын сол "досымды" қалдырғанға.

Көңілің кең, байтақсың дала сынды,
Әр келген күтіп алар қонағыңды.
Балдыздың анда-санда көңілін тауып,
Жөн-жоба ұмытпайсың жоралғыңды.

Бірлігің бола берсін, қызығың да,
Татулық тарқамасын бір ұйымда.
Қазақта "бажа - тату" деген сөз бар,
Әрқашан келісемін бұл ұғымға.



Мазмұны

Бірінші бөлім

Сағындырған сағым жылдарым

Аманатқа адалдық.....	8
Асыл ана.....	14
Қандай ауыр қасірет еді неткен.....	21
Аға сғынышы.....	22
Сен биікте тұрасын.....	23
Әкемді ойлап отырып.....	24
Айналайын, ерке қызым, Шолпаным.....	25
Шаңырақтың шырайы бірлік еді.....	26
Бозбұтағым.....	27
Соғыс ардагерлеріне.....	28
Өлендерім.....	29
Ара-тұра бойымды қысады өлең.....	30
Атса деймін арайланған таңдарым.....	31
Бабайқорған.....	33
Ерекше гүл.....	34
Қара көз.....	35
Әйелдерге.....	36
Немересін іздейді ана.....	37
Ақ шағаласенбісің, аспанға ұшқан.....	38
Ана арманы.....	39
“Жыл сазгері” тұрсаң бүгін атанып.....	40
“ Адамбеков” деп іздейді мені кім.....	41
Жұдырықтай жүрегіңнен айналайын.....	42
Досыммен тілдесу.....	43
Қанағат.....	44
Орындадың сен әкенің арманын.....	45
Қайсар ана.....	46
Көктем менің көңіміді жылытпайды.....	47
Көктем келді.....	48
Бақытты күн.....	49

Бақыты үшін қос баланың.....	50
Өткен күнінсағынды бір ақын.....	51
Көк көйлекті құдаша қыз.....	52
Сөмкелерін сүйреп жүр сұлуларым.....	53
Соғып тұр ренжітпей.....	54
Саналарын араққа улағандар.....	56
Үміт.....	57
Ауыз сөз.....	58
Неге, неге бастамаған өзінен.....	59
Рахман бұлақ қайнары.....	60
Ойлағаның бола ма, сенің ылғи?.....	61
Түрін-қара болғанмен, жүрегін-ақ.....	62
Бәйшешек келіншек.....	63
Өзінғана даньшыпан ойлай ма екен?.....	64
Алматыдағы кездесу.....	65
Арманым жоқ.....	66
Үмітім ерен ертеңнен.....	67
Бір келіншекке.....	68
Іскер ініме.....	69
Сұрағы көп өмір.....	70
Кешірімді болайық.....	71

Екінші бөлім

Көңілімнің көкжиектері

Билік беріп қоймайын дұшпаныма.....	74
Кеше ме, кешегі өткен бабалар.....	75
Мұңайып жанарыңнан жас тамбасын.....	76
Шабан атпен теңестім.....	77
Кешпір, бауыр.....	78
Ағама.....	79
Құдама.....	80
Отыз жылдық тойға тарту.....	81
Аламаннан келген тұлпарым.....	83
Бақытың басым болсын басқалардан.....	84
Асығып жүрмін сені көргенімше.....	85
Кеншісің кеніштерде ізі қалған.....	86
Жомарт жігіт.....	87
Бауырларын бауырына басып жүр.....	88
Үш той.....	89
Айжігітке айтарым.....	90
Жақсылықтың тілері-тек жақсылық.....	91
Серік досыма.....	92
Самға биік сарыарқаның көгіне.....	93
Ер жасы.....	94
Ерболат- тоғжан тойына.....	95
Шаңырақты биік ұстап.....	96
Орында бар оңалар.....	97
Қосаққудай жүзіндер өмір көлін.....	98
Бажама.....	99

ЖАҚСЫЛЫҚ ОМАРОВ

АМАНАТҚА АДАЛДЫҚ

Екінші басылым

*Елеп, екшеген – Абдолла Дастанов
Әрлеп, өңдеген – Айжігіт Асанов
Теріп, беттеген – Нұрлан Тоғысбаев*

Басуға 07.04.2017ж. қол қойылды.
Қалыбы А4. Қаріп түрі «Таймс». Ризографиялық басылым.
Көлемі 6,5 шартты баспа табақ. Таралымы 100 дана.

«Нұрлы Бейне» баспасы. Тапсырыс №0704
Шымкент қаласы, А. Байтұрсынов көшесі, 15 «Б» үй
e-mail: togusbaev67@mail.ru
тел.: +7-701-77-97-167; 8(7252) 50-16-21